

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
СУЛЕЙМАН ДЕМІРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ**

ӘОЖ 8'81-11

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

**Сөздің лексикалық мағынасы және оның ауыспалы мағынасын
оқытудың әдіс-тәсілдері**

7М01701 - «Қазақ тіл және әдебиеті» БББ бойынша

Сыргабекова Самал

Қаскелен, 2022

СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

«Қорғауға жіберілді»
«Тілдік білім беру» кафедрасының меңгерушісі

PhD., ассистент профессор

А.Ногайбаева

« 20 » 05 2022ж



ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

7M01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» БББ бойынша

Орындаған:

Сырғабекова Самал

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.к., қау-н профессор,

Ордабекова Хафиза

Қаскелең, 2022

Сүлейман Демирель атындағы Университет
«Педагогика және гуманитарлық ғылымдар» факультеті
«Тілдік білім беру» кафедрасы

Бекітемін
«Тілдік білім беру» кафедрасының меңгерушісі
PhD., ассистент профессор
А.Ногайбаева А.Ногайбаева
«07» 06 2022 ж.

Диссертациялық жұмысты дайындау тапсырмасы

Магистрант: Сырғабекова Самал

Білім беру бағдарламасы: 7M01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті»

Тақырыбы: «Сөздің лексикалық мағынасы және оның ауыспалы мағынасын оқытудың әдіс-тәсілдері»

Ғылыми кеңестің бұйрығымен бекітілген №093-05/346-1 «26» 01 2021 ж.
Диссертациялық жұмысты аяқтау мерзімі «01» 06 2022 ж.

Тапсырмалар және диссертациялық жұмыстың қысқаша сипаттамасы:

Жанартылған білім беру бағдарламасында, сөздің лексикалық мағынасы және оның ауыспалы мағынасын оқытудың әдіс-тәсілдерін сабақтарда ғылыми негізде терең меңгеруге, тілді қатысымдық тұрғыдан әртүрлі заманауи әдістермен игеруге, мағынаны тануға, лексикалық білімін арттыруға машықтандырады. Мектеп оқушысының белсенді әрекетіне сәйкес таңдалған тапсырмалар оқушының танымын, білімін, логикалық ойлау жүйесін танытады. Сондықтан, сөздің лексикалық мағынасы және оның ауыспалы мағынасын оқытуда деңгейлеп-саралап оқыту және тиімді әдіс-тәсілдерді жинақтау жұмысымыздың басты міндет.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы», Ғ.Сұлтанова, З.Сатқаева «Жаңаша оқыту – заман талабы», Қалиев Ғ. «Тіл білімі терминдерінің түсіндірмелі сөздігі», Сағындықұлы Б. «Қазіргі қазақ тілі. Лексикология» еңбектері қарастырылды.

Тапсырмалар бекітілген мерзім «26» 10 2021 ж.

Ғылыми жетекші:

Ордабекова Х.

Магистрант:

Сырғабекова С.

АНДАТПА

Диссертация жұмысының тақырыбы: «Сөздің лексикалық мағынасы және оның ауыспалы мағынасын оқытудың әдіс-тәсілдері»

Диссертация жұмысының құрылымы: зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан (тараушалардан), қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады

Диссертация жұмысының көлемі: 78 бет, 7 сурет, 19 кесте, 12 сызба зерттеу барысында 50 әдебиет қаралды.

Кілт сөздер: мағына, тура, ауыспалы, әдіс-тәсілдер, технология, педагогика, деңгейлеп-саралап оқыту, интерактивті әдістер.

Диссертация жұмысының бірінші бөлімінде сөздің лексикалық мағынасы және оның ауыспалы мағынасына жалпы сипаттама» деп атап, сөздің лексикалық мағынасы және оның ауыспалы мағынасын ажырату оның жасалу әдіс-тәсілдерін оқытудың лингвистикалық, дидактикалық негіздерін сараптадық. Ауыспалы және лексикалық мағына туралы түсініктеме бере отыра, тиімді әдістермен сабақ өтуде аталған аспектілер негізінде теориялық түсініктемелер жасалды. Тақырыпқа қатысты зерттеу жүргізген қазақ ғалымдарының еңбектері шолу жасап, теориялық бөлімді жүйелі тұжырымдадық. Тақырыпқа қатысты зерттеу жүргізген қазақ ғалымдары: А.Айғабылов «Лексиканы оқыту методикасы және оның қазіргі міндеті», И.Ұйықбаев «Лексиканы оқыту. Қазақ тілі методикасының мәселелері», Виноградов В.В. «Лексикология и лексикография», Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы», Ғ.Сұлтанова, З.Сатқаева «Жаңаша оқыту – заман талабы Сағындықұлы Б. «Қазіргі қазақ тілі. Лексикология». I-бөлім, Таубаева Ш, Иманбаева С.Т., Берікханова А.Е. «Педагогика», Берікханова А.Е. «Педагогикалық мамандыққа кіріспе». т.б. еңбектер қарастырылып, жүйелі тұжырымдар жасалды. Қазіргі мектеп бағдарламасында сөздің лексикалық мағынасы және оның ауыспалы мағынасын оқытудың әдіс-тәсілдерін оқытудың тиімді жолдары, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай артықшылықтары мен кемшіліктері талданды.

Диссертация жұмысының екінші бөлімінде сабақ барысында көптеген заманауи оқыту әдістерін қолдану, оқушылардың лексикалық талдау жасау қабілеттері, ситуациялық жағдаяттарды талқылаудағы шығармашылық-танымдық артықшылықтар мен нәтижелері ұсынылды. Ұсынылған әдіс-тәсілдердің тиімділігін анықтау үшін практикалық сабақтар мен әртүрлі ой сергектер, психологиялық ахуал тудырушы тапсырмалар беріліп, нәтижелері талданды.

Диссертация жұмысының қорытынды бөлімінде берілген тапсырмалардың шығармашылық және практикалық жаттығулар, ситуациялық жағдайлар оқушының жаңа деңгейге көтерілуіне, тапсырмаларды жоғары деңгейде орындауына, тақырыпты жетік меңгеруіне, жалпы лексикологиялық аядағы білімдері дамып, қалыптасуларына зор ықпал ететіндігі туралы жазылған.

АННОТАЦИЯ

Тема диссертационной работы: «лексическое значение слова и методы обучения его переменному значению»

Структура работы: исследовательская работа состоит из введения, двух глав (глав), заключения и списка использованной литературы

Объем диссертационной работы: 78 страниц, 7 рисунков, 19 таблиц, в ходе исследования рассмотрено 50 литературы.

Ключевые слова: смысл, прямая, переменная, методы, технология, педагогика, уровневое обучение, интерактивные методы.

В первой части диссертационной работы проанализированы психологические, лингвистические, дидактические основы обучения лексическому значению слова и способам его создания. На основе названных аспектов в ходе занятий эффективными методами были сделаны теоретические пояснения с комментариями о переменном и лексическом значении. Казахские ученые, проводившие исследования по теме: А. Айгабылов «методика преподавания лексики и ее современные задачи», И. уй-Кбаев «преподавание лексики. Проблемы методологии казахского языка», Виноградов В. В. «Лексикология и лексикография», Калиев г., Болганбаев А.» лексикология и фразеология современного казахского языка», Султанова г., Саткаева З.» новое обучение – требование времени», Калиев г.» Толковый словарь терминов языкознания», Сагындыкулы Б. «современный казахский язык. Лексикология». Раздел I. Таубаева Ш, Иманбаева С. Т., Берикханова А. Е. «Педагогика», Берикханова А. Е.»введение в педагогическую профессию". рассмотрены труды и сделаны системные выводы. В современной школьной программе были проанализированы лексическое значение слова и эффективные способы обучения его переменному значению, преимущества и недостатки в зависимости от возрастных особенностей учащихся.

Во второй части диссертационной работы представлены результаты и творческо-познавательные преимущества в обсуждении ситуационных ситуаций, способности учащихся к лексическому анализу, использование в ходе урока многих современных методов обучения. Для определения эффективности предложенных методов и приемов были даны практические занятия и задания, создающие различные мысли, психологический климат, проанализированы результаты. В ходе контроля были выявлены наиболее часто допускаемые учащимися ошибки и недочеты в некоторых из перечисленных методов, рассмотрены способы борьбы с ними..

В заключительной части диссертационной работы изложены творческие и практические упражнения, ситуационные ситуации, которые оказывают большое влияние на развитие и формирование знаний учащихся в общем лексикологическом поле, на высокий уровень выполнения заданий, на освоение темы.

ANNOTATION

Thesis topic: "lexical meaning of a word and methods of teaching its variable meaning"

Structure of the work: the research work consists of an introduction, two chapters (chapters), a conclusion and a list of references

The volume of the dissertation work: 78 pages, 7 figures, 19 tables, 50 literature were considered during the research.

Keywords: meaning, direct, variable, methods, technology, pedagogy, level learning, interactive methods.

In the first part of the dissertation, the psychological, linguistic, didactic foundations of teaching the lexical meaning of a word and the ways of its creation are analyzed. Based on these aspects, theoretical explanations with comments on the variable and lexical meaning were made during the classes using effective methods. Kazakh scientists who conducted research on the topic: A. Aigabylov "methods of teaching vocabulary and its modern tasks", I. Uykabayev "teaching vocabulary. Problems of methodology of the Kazakh language", Vinogradov V. V. "Lexicology and lexicography", Kaliev G., Bolganbaev A. "lexicology and phraseology of the modern Kazakh language", Sultanova G., Satkaeva Z. "new learning is a requirement of time", Kaliev G. "Explanatory dictionary of linguistics terms", Sagyndykuly B. "modern Kazakh language. Lexicology". Section I. Taubaeva Sh, Imanbayeva S. T., Berikkhanova A. E. "Pedagogy", Berikkhanova A. E. "Introduction to the teaching profession". the works are reviewed and systematic conclusions are made. In the modern school curriculum, the lexical meaning of the word and effective ways of teaching its variable meaning, advantages and disadvantages depending on the age characteristics of students were analyzed.

The second part of the dissertation presents the results and creative and cognitive advantages in discussing situational situations, the ability of students to lexical analysis, the use of many modern teaching methods during the lesson. To determine the effectiveness of the proposed methods and techniques, practical exercises and tasks were given that create various thoughts, a psychological climate, and the results were analyzed. During the control, the most common mistakes and shortcomings in some of the listed methods were identified by students, and ways to deal with them were considered..

The final part of the dissertation contains creative and practical exercises, situational situations that have a great impact on the development and formation of students' knowledge in the general lexicological field, on a high level of task completion, on the development of the topic.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	8
1 СӨЗДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫ: АУЫСПАЛЫ МАҒЫНА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ	
1.1 Сөз, ұғым және мағына үштігінің арақатынасы.....	11
1.2 Сөздің ауыспалы мағынасы: метафора, метонимия және синекдохалық тәсіл.....	18
1.3 Қазіргі мектеп бағдарламасында сөздің ауыспалы мағынасының оқытылуы.....	32
2 СӨЗДІҢ АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАСЫН: ДЕҢГЕЙЛЕП-САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ	
2.1 Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік сипаттамасы.....	37
2.2 Сөздің ауыспалы мағынасын оқытудағы деңгейлеп-саралап оқытудың әдіс-тәсілдері.....	47
2.3 Сөздің ауыспалы мағынасын деңгейлеп-саралап оқытуға арналған тапсырмалар мен жаттығулар.....	58
ҚОРЫТЫНДЫ.....	74
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	76

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Сөз мағынасы – белгілі бір зат, құбылыс, сан, сапа, мөлшер, көлем, шама, қимыл, әрекет туралы түсінік беретін дыбыстар, қимыл, әрекет туралы түсінік беретін дыбыстардың жүйелі тіркесі. Мағына өзгеріп, жаңарып, жоғалып отырады. Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген сөздердің бірқатары алғашқы мағынасын сақтаса, енді біреулері қосымша, үстеме мағыналарымен өзгерген. Сөздердің беретін лексикалық мағыналары, өзгеру ерекшеліктері, шығу тектері түсіндірме, этимологиялық, диалектологиялық сөздерде көрсетіледі.

Сөздің мағыналылығы оның пайда болуымен бірге өмір тәжірибесімен бірге тығыз байланысты жағдайда ғана білінеді. Ойдың мазмұны тілдік формада берілетін болғандықтан ұғым сөз арқылы беріледі де, сөзге тіркеулі, бекітулі болады. Айтушы мен тыңдаушының қатынасы тіл қалпында беріледі.

Сол себепті жаңартылған білім беру мазмұнындағы барлық өзгеріс ескере отырып, қазақ тілінде ауыспалы мағыналы сөздер тақырыбын меңгертудің деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы ұсынылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Диссертациялық жұмыс барысында қарастырылатын сөздің лексикалық мағынасы мен ауыспалы мағынасын оқытуды ұйымдастыру мәселесі қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі.

Сөздің негізгі мағынасы – айтушы мен тыңдаушыға ортақ заттық ұғымды білдіретін мағына. Сөздің тұрақты мағынасы – сөзді контекстен бөліп алып ешбір тіркессіз, өзіне арнаулы негізгі мағынамен бірге тұрақты мағынасы айқындалып тұрады. Сөздің нақты және абстракты мағынасы – бір сөзге берілген түпкі атауы – нақты мағына болса, сол сөздің жалпылама ұғымды білдіруі абстракт мағына болып табылады. Сөз мағынасы әуел бастан көп болмаса да, бертін келе дамып, молайып отырған. Бір сөздің уақыт өте келе және қолданысына қарай әртүрлі себептермен әр заттың не құбылыстың атау болып жұмсалуды заттың контекстік мағынасы болады. Сөздің әуел баста берілген және нақ сол зат атауын білдіретін мағынасы – тура мағына. Ал сөздердің негізгі мағынасынан дамып, соған ұқсатыла айтылатын, сәл ауытқи қолданылатын сөз мағынасы ауыс мағына деп аталады.

Осы талапқа сай, қазақ тілін оқыту барысында қазақ тіліндегі сөздің лексикалық мағынасы мен ауыспалы мағынасын оқытуды ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдері жинақтау біздің диссертациялық жұмысымыздың өзектілігі саналады.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері: Сөздің лексикалық мағынасы мен ауыспалы мағынасын деңгейлеп –саралап оқыту бойынша тиімді әдіс-тәсілдерді ұсыну.

Аталған мақсатқа және ғылыми болжамға сәйкес мынадай **диссертациялық жұмыстың міндеттерін** шешу көзделеді

- ұғым, мағына және сөздің арақатынасын айқындау;
- сөздің тура және ауыс мағынасы, оның жасалу жолдарын қарастыру;
- деңгейлеп-саралап оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін қарастыру;

- сөздің тура және ауыс мағынасын деңгейлеп-саралап оқыту бойынша тиімді әдіс-тәсілдерді ұсыну;
- сөздің ауыс мағынасын оқытуда тура және ауыс мағынасына тапсырмалар мен жаттығулар жасау.

Жұмыстың теориялық-практикалық негіздері. Диссертациялық жұмыс барысында тілдік, педагогикалық, ғылыми-әдістемелік зерттеулер және оқулықтардағы тақырыптар мен практикалық әдістемелер негізге алына отырып, тәжірибе жүзінде іске асырылды. Көптеген заманауи тиімді әдістер негізінде тақырып оқыту жүйесінде қарастырылды.

А.Айғабылов «Лексиканы оқыту методикасы және оның қазіргі міндеті», И.Ұйықбаев «Лексиканы оқыту. Қазақ тілі методикасының мәселелері», Виноградов В.В. «Лексикология и лексикография», Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы», Ғ.Сұлтанова, З.Сатқаева «Жаңаша оқыту – заман талабы», Қалиев Ғ. «Тіл білімі терминдерінің түсіндірмелі сөздігі», Сағындықұлы Б. «Қазіргі қазақ тілі. Лексикология», Таубаева Ш, Иманбаева С.Т., Берікханова А.Е. «Педагогика», Берікханова А.Е. «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» т.б еңбектері басты назарға алынды.

Жаңартылған білім беру мазмұнында тура және ауыспалы мағынаны оқытудың методикасы әлі де толықанды зерттеуді талап ететін мәселе болғандықтан. Диссертациялық жұмыста оқушылардың коммуникативтік, тілдік құзыреттілігін арттыруға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер қазақ тілін оқыту жүйесін жаңаша бағытта жетілдіруге бағытталған.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы бойынша түзілген тапсырмалардың оқушылардың грамматикалық білімді қаншалықты деңгейде меңгергендігін, оқушылардың білімді меңгеру деңгейіне сәйкес бағалану жайын жан-жақты сөз етеді. Сөздің ауыс мағынасын меңгерту бойынша деңгейлеп-саралап оқыту бойынша тиімді әдіс-тәсілдер ұсынып, соған сәйкес тапсырмалар мен жаттығулар топтамасын ұсынады.

Лексиканы меңгерумен байланысты жүйеленген әдіс-тәсілдер кешені білім алушылардың шығармашылық және танымдық белсенділігін арттыра отырып, бейіндік бағыттағы білім беру жүйесін әдістемелік жетілдіруге ықпал етеді.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері: жұмысқа қойылған міндеттерді шешу үшін төмендегідей әдістер қолданылады:

- теориялық әдістер: жүйелеу әдісі, сипаттамалы әдіс, түсіндірмелі әдіс, талдау әдісі.
- педагогикалық әдістер: салыстыру-саралау, анықтау эксперименті, жаттығу әдісі т.б.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертациялық жұмыстың жаңалығы ретінде:

- сөздің лексикалық мағынасын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылады;

- сөздің ауыспалы мағынасын деңгейлеп-саралап оқыту және интерактивті технологиялары арқылы оқыту жүйеленеді;

- ауыспалы мағынаны метафоралық, метанимиялық, синекдохалық талдап оқыту әдістері анықталады;

- сөздік лексикалық және ауыспалы мағынасын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылады.

Зерттеу жұмысы бойынша жариялыным: Зерттеу жұмысы бойынша 2 мақала жарияланған. Осы тұрғыда диссертацияға қойылатын талаптар деңгейіндегі ғылыми нәтижелер толыққанды алынған, жинақталған әдіс-тәсілдер тәжірибелік тұрғыдан қолдану арқылы дәлелденген.

Жұмыстың құрылымы: Диссертациялық жұмыс кіріспеде, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер мен қосымшадан тұрады.

1 СӨЗДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫ: АУЫСПАЛЫ МАҒЫНА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

1.1 Сөз, ұғым және мағына үштігінің арақатынасы

Лексикология саласындағы қазақ тілі лексикалық жүйесінің семантикалық табиғаты, ұғым, мағына және сөз үштігінің арақатынасы, лексикалық мағынаның семантикалық құрылымы, сөз мағынасының даму жолдары (мағынаның кеңеюі мен тарылу процестері) мен сөздің мағыналық өзгерістері мәселелері нақты талдаулар жасауды талап етеді. Аталған тарауда жоғарыда аталған ұғымдардың теориялық мәселелерін ғылыми тұрғыда қарастырып көреміз.

Сөз мағынасы ұғымын ғылыми тұрғыда қарастыру, ең алдымен, сөздің тура мағынасын талдаумен басталады. Мысалы, «мін» сөзінің тура мағынасы *кем-кетік, кінәрат, ақау* деген ұғымдарды қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен байқауға болады. Жоғарыда аталған сөздер «*мін жоқ*», «*мін тағу*», «*мінін бетіне басу*», т.б. формаларда тұрақты тіркестерді береді.

Сөз мағынасы әрдайым өзгеріп, дамып отыратын үдеріс ретінде сипатталады. Сол себепті де, сөздер үнемі өзінің бастапқы мағынасында қолданыла бермейді. Осы тұста тілдік қордың дамуына себепкер болатын сөздің ауыспалы мағынадағы формалары әрдайым туындап отырады. Сөздің ауыс мағыналары сол тілде сөйлейтін адамдарға толықтай түсінікті бола алады.

Лексикологияда атауыштық мағына деген ұғым бар. Яғни, тілдегі сөздердің барлығы тек қана лексикалық мағынада тұрмайды. Олардың ішінде бірнеше атауыштық мағынаға ие болатын сөздерді де кездестіруге болады. Мәселен, *адамның құлағы, домбыраның құлағы, қазанның құлағы; адамның аяғы, үстелдің аяғы, кереуеттің аяғы* т.б. Сөздің ауыс мағынасы өз кезігінде көпмағыналы сөздердің тууына әсер етеді.

Сөздің атауыш мағынасы мен ауыс мағынасының байланысы неде? Сөздің ауыс мағынасының туындауы тікелей атауыш мағынаға қатысты болуы мүмкін. Бұл құбылысқа нақты заттың немесе әрекеттің белгілерін басқа бір затпен салыстыру, ұқсату факторлары себепші болады. Сөздің ауыс мағынасында оның тура мағынасы әрдайым сезіліп тұрады. Мәселен, *бу* сөзін алсақ, «сұйық заттың жылып, қызуынан пайда болатын тұман тәрізденген зат», «бір нәрсені қатты қысып байлау» деген әрі есім, әрі етістік ретінде өзіндік тура мағыналарды иеленсе, ауыспалы мағынада бір нәрсенің желігі, әсері, тыныш таптырмау деген мағынаны білдіруде *ақшаның буы, ыза буды* түрінде қолданылады.

Сөздің шығу тегіне байланысты лексикалық мағыналарын бірнеше топқа топтастыруға болады. Олар:

1. сөздің түпкі мағынасы;
2. сөздің туынды мағынасы;
3. синонимдік, омонимдік, антонимдік мағыналар.

«Түпкі мағына» – ары қарай бөлшектеуге келмейтін дербес сөздің мағынасы. Сөздің түпкі мағынасын айқындау көп жағдайда белгісіз болып келеді.

Мысалы: *күн, таң, жаңбыр, өзен, бару, келу*. Сөздің түпкі мағынасын айқындау үшін арнайы этимологиялық зерттеулер жүргізіп, сол арқылы сөздің ішкі формасын табу керек. Мәселен, *ақ жауып арулау* фразеологиялық тіркес құрамындағы *арулау* сөзіне назар аударайық.» [1, б.5].

1-кесте. Сөздің түпкі мағынасын айқындау үшін арнайы этимологиялық зерттеу

Қазақ тіліндегі сөз	Алтай, сары ұйғыр, хакас, татар тілдерінде	В.Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» еңбегінде
<i>Ақ жауып арулау</i> «арулау» сөзі	<i>арула//арыгла</i>	<i>арығ, арік, ерік, ары</i>
<i>Мағынасы</i>	«тазалау, жуыну, жуу»	«таза, жақсы, кіршіксіз», «әулие» мағынасында

Осы тұрғыда Ш.Сарыбаев мынадай пікір білдіреді: «Осындағы арығ сөзінің қазақ тілінде ару болуы ғ дыбысының түсіп қалуымен байланысты (салыстыр: сары – сарығ, кіші – кішік, тірі – тірік», – дейді. Егер бұл сөздің түпкі мағынасына (таза, жақсы) назар аударатын болсақ, тазалық бар жерде әдемілік, жақсылық бар жерде сый-құрмет бар екендігі белгілі. Осылайша семантикалық тұрғыдан дами келе, қазіргі қазақ тілінде ару қыз (*әдемі, сұлу*), ару ана (*ардақты, аяулы, құрметті*) деген мағынада жұмсалады. Олай болса, сөздің ішкі формасы бір-бірінен алшақ кетпейді, сөз семантикасындағы қандай да бір семалық бөліктің тарылып, екіншісінің кеңеюі арқылы бұл сөз *әдемі, сұлу, ардақты* мағыналарда жұмсалатын болған. [1, б.85].

Белгілі бір тура мағынада сөз өзге сөздермен шартсыз түрде әрдайым байланысқа түсе алмайды. Тура мағыналы сөздің басқа сөздермен тіркес жасауы үшін бірнеше факторлар әсер етеді. Олар, негізінен:

- сөздің басқа сөздермен тіркесімділігі заңдылықтары;
- заттық-логикалық үйлесімділік;
- лексика-семантикалық ішкі заңдылықтар [2, б.15].

Тіл біліміндегі бұл қатынастар ғылыми тұрғыда лексикалық семантиканың зерттеу нысаны болып табылады. Ал ондағы процесс үлексикалық синтагматика деп аталады да, бұл үдерісте сөз мағынасының өзара семантикалық қатынасқа түсуінде болмыстағы зат, құбылыс пен іс-әрекеттің өзара әрекеттесуінің ерекшеліктері сипатталады.

Синтагматиканың өзекті мәселерін зерттеуге үлесін қосқан әлемдік зерттеушілер ретінде Ф. Де Соссюр мен Бодуэн де Куртенэ сынды ғалымдар аталады.

Аталған тақырып бойынша қазақ тіл білімінің жетістіктері А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінен бастау алады.

Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі Қ.Жұбанов синтагматика мәселесіне байланысты «Сөз белгілі тәртіппен тізіліп барып, хабар болады. Сөздер

жеке-жеке жүреді, бірақ олар жекелік үшін жасалған емес, басқаға жанасым тауып, үйлесерлік болып жасалған» деген пікір айтады өз еңбегінде[3,б.99].

«Қазақ тілі семантикасы» атты іргелі еңбектің авторы М. Оразаев лексикалық мағынаның семантикалық құрылымы, лексикалық жүйедегі парадигмалық, синтагмалық қатынастар, валенттілік, лексикалық тіркесімділік т.с.с. осы саладағы өзекті мәселелердің басын ашуға септігін тигізген еңбек жазып шықты.

Тілтанушы, ғалым Ғ.Хасановтың «Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы» еңбегінде қазақ тілі семантикасының шығу негіздері, лексикалық бірліктер синтагматикасы, олардың тілдік жүйе мен сөйлеу әрекетіндегі көрінісі, лексикалық семантика және лексикалық норма мәселелеріне қатысты ғылыми-теориялық зерттеулер жүргізілген.

Сөз – тілдік элементтердің ең кіші бөлшегі, әрі маңызды атрибуты. Сөз морфемаларға бөлінетін (бөлшек), тіркестіруден (сөздердің жалғануынан) тұрады. Фонетика, лексика, морфология, сөз жасам, синтаксис сияқты салаларға бөлінетін лингвистика ғылымы қай қайсының болсын негізгі бастауы – сөз екенін дәлелдейді. Сөздің сыртқы құрылымы оның заттық жағы оның тұлғасы деп есептелінеді. Тілді жүйе деп қарастырар болсақ, сол жүйе сөз мағыналарынан құралады. Яғни, сыртқы пішін (тұлға) бар жерде оның мағынасы да бар.

Сөздің ең бастапқы қызметі – зат, құбылыс, атау, іс-әрекеттің басты белгілерін атап көрсету. Тарқатып айтар болсақ:

- біріншіден, ұғым сияқты сөзде де зат, құбылыстың жалпы белгілері жинақталып беріледі. *теңіз, аспан, жер, су, арман* – бір затты сол тектес заттардан айыру үшін қолданылатын белгі. Сонымен бірге, кейін пайда болған ұғым атаулары бұрыннан келе жатқан ұғымдарға ұқсастық негізінде жасалып отырады. Мәселен, киіз үй, шырпы, барымта, т.б.

- екіншіден, сөз бен өзі білдіріп тұрған зат, құбылыс арасында табиғи байланыс болмайды, шартты байланыс болады.

- үшіншіден, тілдегі сөздердің бәрі бірдей қалыптасқан логикалық ұғымды білдіре бермейді (шылау, одағай, көмекші, модаль сөздер [3,б. 120]).

Сөздің ішкі мағыналық байланысы оның мағынасы мен ұғымның арақатынасынан көрінеді. Сөз мағынасы зат, құбылыс, әрекет жайында түсінік, ұғым пайда болғаннан кейін қалыптасады. Егер бір зат жайында ұғым болмаса, оның мағынасын біле алмаймыз. Ұғым бар жерде мағына бар. Демек, ұғымның болуы – сөз мағынасының маңызды шарты саналады [4,б. 5].

Ұғым – ойлау процесінің көрінісі, логикалық категория десе болады. Ұғым да логикалық категория болғандықтан сөзбен тығыз байланысты. Логикалық ұғымның тіл жүйесіне қатысы сөз арқылы іске асады [4,б. 15].

Адам санасында сезім мүшелері арқылы (есту, көру, сезу, дәм, иіс) қабылдауға болатын деректі заттар мен құбылыстардың бейнесі қалыптасқан. Сонымен қатар тек түйсік сезімі арқылы қабылданатын нақты заттық дерегі жоқ ойтанымдық құбылыстар (қуану, ренжу, қайғы, адамгершілік) бейнеленіп беріледі. Демек, зат пен құбылыс жайында қалыптасқан ұғымдар адамның сезім

мүшелері мен түйсігі арқылы қоршаған ортаны танып білуінің нәтижесінде туған.

Ұғымның тек негізгі белгілері ғана адам жадында сақталып, зат пен құбылыстың негізгі белгілерін салыстыру арқылы бір-біріне ұқсас, тектес заттардың ортақ белгілері анықталған. Қоршаған орта туралы білімді, біз, тек түйсік арқылы ғана емес, қабылдау арқылы да аламыз. Заттар мен құбылыстардың сезім мүшелеріне тікелей әсер еткенде бүкіл белгілерінің біртұтас бейнеленуі қабылдау деп аталады. Мәселен, құрылысына, салыну ерекшеліктеріне, түрлеріне қарамастан жалпы үй атаулыға ортақ белгі – олардың баспана болатындығы [5, б.5-8].

Ұғым – зат, құбылыс, іс-әрекетке тән мәнді және жалпы белгілердің адам санасында жинақталып берілген бейнесі. Заттар мен құбылыстардың бір-бірінен айырмашылығын көрсететін қасиеттері *мәнді белгілер*, ұқсастығын көрсететін қасиеттері *жалпы белгілер* ретінде танылады. Санадағы ұғымның адамдардың қоғамдық тәжірибесі арқылы сөздік қабыққа бекітілген бөлігі *ұғымдық мағына* деп аталады. Ұғымдық мағынаны кейде заттық-логикалық мағына деп те атайды. Сөзбен бірге өмір сүретін ұғымдық мағынада материалдық дүниенің белгілі бір дәрежедегі бейнесі болады да, біртұтас толық бейнесі көбіне көрініс таппайды» [5, б.81-82].

Сөз – тілдік коммуникацияда ақпарат алмасу құралы ғана емес, таным құралы, ғаламның тілдік бейнесін түзетін бірлік. Адам баласын ертеден-ақ қоршаған орта, болмыс ғана емес, тілдік номинация мәселесі де қызықтырып келеді.


Тіл – қоғамдық құбылыс ретінде қоғаммен бірге үнемі даму үстінде болады. Адам өзін қоршаған заттық әлемді тану, оны қабылдап меңгеру арқылы оған атау береді, сол зат, құбылыс, сапа, әрекет туралы жаңа ұғым-түсінік қалыптастырады. Қандай да бір зат пен құбылыс, әрекет пен заттың арасындағы байланысты айқындайды, осылайша адам баласы қоршаған ортаны категорияларға жіктейді, жүйелейді және концептуалдайды. Сөйлеуші не жазушы адамның мақсатына, сөз қолдану шеберлігіне байланысты сөз мағынасын құбылтып, түрлендіріп отырады. Тілді осы қасиеттеріне орай ертеден ғалымдар «тіл – өзгермелі құбылыс» деген анықтама береді. Дегенмен, сонау көне үнді, грек тіл білімі өкілдерінен бастап, күні бүгінге дейін тілдің көп мәселелері талданып, өз шешімдерін тауып келеді.

Сөздің лексикалық мағынасы белгілі бір грамматикалық категорияларға жатады, өйткені грамматикалық мағына әрбір сөздің семантикалық құрылымына еніп, сөйлеу үдерісінде өзіне тән белгілі бір мағынаны иеленеді. Тілдің лексика-семантикалық жүйесі өзге де лингвистикалық факторлармен, семиотикалық жүйелермен тығыз байланысты келеді. Жалпы кез келген сөздің шынайы семантикалық мәні контексте, сөйлеу үдерісінде ашыла түседі. Сөздің атқаратын негізгі қызметі сөйлеу үдерісінде көрінеді. [6, б.81-82].

Сөз мағынасы негізінде мәтіндердің өзара байланыстылығы, тұтастығы айқындалады. Бір сөздің қызметін түгел көрсету үшін, оның жеке тұрғандағы мағынасынан бастап мәтін ішіндегі білдіретін мән-мағынасын қарастырған

жөн. Мәтін тұтастығы лингвистикалық категория саналады. Өйткені мәтін ішіндегі сөз бен сөздің өзара тіркесімділігі, сөйлем мен сөйлемнің өзара ұғымдық, мазмұндық жағынан байланысқа құрылуы мәтін мазмұнын байыта түсері, оның көркемдік жағын арттыра түсері сөзсіз [7, б.56-60].

Ч.К.Огденс пен И.А.Ричардс ұсынған «семантикалық үшбұрыш» геометриялық интерпретациясы жоғарыда көрсетілген факторларды өзара байланыстырады (1-суретте):




1-сурет. Семантикалық үшбұрыш

К.Огден мен И.Ричардс сөз мағынасының құрылымдық элементтерін анықтауды семантикалық үшбұрышының бұрыштарын түсіндіруден бастағаны дұрыс. Дыбыс материалдық дүние болғандықтан да түйсік туғызып, миды әрекетке түсіреді, өзіне сай келетін бейнені қайта оятады. Сол үшін де қатынас процесінде атау кезінде сөз бен зат (денотат) байланысқа түседі» [8,б.250].

Сол себепті семантикалық үшбұрыштың астыңғы қабырғасын үзік сызықпен сызып, табиғи байланысының жоқтығын, шартты байланысы барлығын көрсеткен дұрыс. Сөйлескен кезде адамдар затқа сүйенбей-ақ ұғымға, мағынаға сүйенбейді ме деген сұраудың туатындығы анық. Осыған байланысты кеңес тілшілері сөз мағынасын семантикалық үшбұрыш арқылы түсіндіруде таным теориясын негізге алады.

Яғни, қоршаған ортаны танып-білудегі туғызған түйсіктерден басталады. Осы түйсік арқылы қабылданған сигналдар мидың қызметі арқылы анализ, синтез жасалады. Осы анализдеу, синтездеу негізінде алынған образ сөздің мағынасы ретінде қабылданып, дыбыстық комплекспен байланысады, сөз деген түсінікке негіз жасайды [8,б.75].

Тіл біліміндегі мағына, ұғым, таңба және зат ұғымдарының өзара семантикалық байланыстарын қарастыруда семантикалық трапеция құралы өте тиімді көрсеткіш болып табылады.




1-сызба. Семантикалық трапеция

Трапецияға сәйкес, мағына мен ұғым екі бөлек тұрғанымен де, екеуі бірігіп, сөздің толыққанды лексикалық мағынасын құрайды.

Мұндағы ерекшелік мағына таза лингвистикалық феномен ретінде жеке алынып отыр. Бұлардың арасындағы сызықтардың қою түрде берілуі «таңба – мағына», «мағына – ұғым», «ұғым – зат» арасындағы тікелей байланысты көрсетеді. Таңба мен зат «мағына-ұғым» арқылы өзара байланыса алады.

Семантикалық трапецияда лексикалық мағына



2-сызба. Семантикалық трапециядағы лексикалық мағына

Мысалы, «Үй – қазақ халқында белгілі бір отбасы мүшелері өмір сүретін немесе жұмыс істеуге арналған ғимарат».

Бұл ұғымның мәнді және мәнсіз белгілері (денотаттық мағына) таңба мен ұғымның арақатынасын білдіретін (сигнификаттық мағына), сөйлеушінің тілдік таңбаға деген қатынасын білдіретін прагматикалық мағынасы бар. Осы айтылған факторлардың барлығы адам санасының жемісі саналады.

Сөздер өзінің номинативті мағынасында аталатын заттар мен құбылыстарға жанама түрде емес, тікелей бағытталады. Тура немесе номинативті мағынада қолданылған сөздердің басқа сөздермен байланыстары мен қатынастардың арасындағы байланыстар мен қатынастарға сәйкес келеді. Сөз тура немесе номинативті мағынасында заттар мен құбылыстарға тікелей бағытталады.

Мысалы, *пәтер, биік, кіру* деген сөздердің белгілі бір номинативті мағынасы бар. Пәтер белгілі бір затты (бас пананы) тікелей атаса, екіншісі (биік) – сапаны, үшіншісі (кіру) қимылды білдіреді. Сонымен қатар, бір сөзде бірнеше номинативті мағына болуы мүмкін. Алайда, соның ішінде біреуі негізгі болады да, қалғандары туынды болады. Академика В.В.Виноградов мұндай мағыналарды номинативті туынды мағыналар (*номинативно производные значения*) деп атайды [9, б. 81-82].

Мысалы, қазақ тілінде *аяқ* деген сөз негізгі номинативті мағынасында дене мүшесін (*бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ*. Абай) білдіреді. Ал *жұмыстың аяғы, жиналыстың аяғы*, т.б. осы тәріздес тіркестерде «соң» деген мағына білдіреді. Бұл соңғы мағына – *аяқ* деген сөздің номинативті туынды мағынасы.

Сөз мағынасында әрі жалпы универсалдық қасиеттермен бірге жеке адамдарға, индивидке байланысты болған мағыналық элементтердің де бар

екенін мойындаған жөн. Сөз мағынасындағы жалпы универсалды қасиет олардың объективтік сипатынан туады да, жеке тілге, адамға тәуелді болмайды.

Нәтижесінде ол мағыналы элемент дыбыстық қабыққа ие болғанда, сол тілде сөйлеуші адамдардың бәріне түсінікті болады; түрлі тілдерде сөйлеуші адамдардың өзара түсінісуі, бір мағынаны аудару жолы арқылы екінші бір тілге жеткізу мүмкіндігі туады.

Ал жеке-даралық қасиет белгілі бір тілде ғана бар мағынаның болуын, тіпті сол мағынаны қолданғанда сөйлеуші не жазушы адамға тән индивидуалдық сипаттың бар екенін мойындаудан туады.

Жеке адамдарға тән болған мағына сөздерді қолдану кезінде ғана, белгілі бір контекстерде ғана байқалады. Егер сөз мағынасын әлем тілдеріндегі мағыналармен байланыстыра қарайтын болсақ, онда мағынаның 3 түрлі типі бар екеніне көз жеткізуге болады. Біріншісі – дүниедегі тілдердің бәріне тән, ортақ болып келетін мағыналар. Мысалы, нақты зат атаулары, сан есімдер, сын есімдер т.б.

Кей тілдерде бұл сөздердің де мағыналық шеңбері аз болуы, кең не тар мағынада болуы мүмкін, бірақ түрлі тілдерде сөйлеуші адамдардың өзара түсінісуіне осы мағына негіз болады да, бір тілден екінші тілге аударылатын да осы мағына болады.

2-кесте. Бір тілден екінші тілге аударылған сөздердің мағынасы

Қазақша	Адам
Орысша	Человек
Өзбекше	Инсон
Немісше	Der
Ағылшынша	Man, woman

Сөздердің барлығында да осы типтес мағына бола бермейді. Екінші бір топ сөздер сол тілде сөйлеуші халықтардың әлеуметтік жағдайы, ұлттық ерекшелігіне байланысты мағынаға ие болады. Бұл түрлі құрылымдағы тілдер арасында ғана емес, туыстар тілдер арасында да байқалатын, сол тілде сөйлеуші адамдар ғана түсіне аударғанда сөзбе-сөз аударып беру мүмкіндігі болмайды, тек түсіндіру, суреттеу жолы арқылы ғана беруге мүмкіндік туады. [10,б.17-18].

«Қазақ тілінде *арқан* сөзі қолданылады. Орыс тілінде осы сөзге мағынасы жақын *веревка* сөзі қолданылады, бірақ екі сөздің мағынасы тең болмағандықтан, *арқан* сөзінің мағынасын бере алмайды. Сондай-ақ, *сыбаға*, *құда табақ*, *жая*, *қазы-қарта*, *құрт* сияқты сөздер – тек түркі тілдерінде ғана сөйлейтін халықтарда қолданылатын тағам атаулары. Оны басқа тілге аударғанда түсіндіру жолымен ғана береміз» [10, б.16].


Сөз мағынасы тіл білімінің барлық саласының өзекті мәселелерінің бірінен саналады. Қазіргі тіл білімінің қол жеткен табыстарына сүйене отырып, сөз мағынасын *лексикалық және грамматикалық* деп екіге бөлеміз.

1.2 Сөздің ауыспалы мағынасы: метафора, метонимия және синекдохалық тәсіл

«Сөздің лексикалық мағынасы тіл жүйесіндегі барлық қатынастарды (парадигмалық, синтагмалық, деривациялық) қамтиды. Лексикалық мағынаға негіз болатын тек нақты заттар ғана емес, бұйымдар, хайуанаттар мен адамзат, сонымен қатар, олардың қасиеттері де кіреді» [11, б.50]. Мұнымен қоса, құбылыс, әрекет, қоршаған орта мен олардың қасиеттері де лексикалық мағынаға ие бола алады. Лексикалық мағынаны нақты және абстрактілі, жалпы және жеке деп жіктеуге болады.

«Лексикалық мағына – сөздерді бір-бірінен ажыратып танудағы ең негізгі мағына, ол арқылы сөз жеке даралық қасиетіне ие болады. Лексикалық мағына зат, құбылыс, әрекет жайындағы жалпыға түсінікті әр сөздің меншікті мағынасы болып табылады» [11, б.55].

«1950 жылы В.В.Виноградов сөздің лексикалық мағыналарын 3 типке бөлген былайша көрсеткен еді»(1-сызбада):



3-сызба. В.Виноградов лексикалық мағына түрлері бойынша

В.В.Виноградовтың анықтамасы бойынша, «сөздің лексикалық мағынасы – тілдің грамматикалық заңдарына сай тұлғаланған, оның сөздігіне тән жалпы семантикалық жүйесінің элементі болып табылатын сөздің заттық-материалдық мазмұны. Демек, сөздің лексикалық мағынасы зат, құбылыс, іс-әрекеттің санада бейнеленіп тұрақталған ұғымның мазмұнын қамтиды. Сөздің лексикалық мағынасын түсіну үшін, сөздің заттық-логикалық мәнін, лексикалық мағынаны соған ұқсас басқа лексикалық мағыналардан ерекшелеп көрсететін белгілерін анықтау қажет.»

Ұғымдық мағына заттың түйсік туғызбайтын белгілері арқылы жасалса, заттық мағына – адамның сезім мүшелеріне түйсік туғызатын белгілері мен қасиеттері арқылы жасалып, екеуінің бірігіп келуі нәтижесінде сөздің лексикалық мағынасының негізін құрайды [12, б.158]. «Мысалы, *сиыр* сөзі мынадай ұғымдық белгілерден тұрады:

- 1) заттық мазмұны жағынан төрт түлік малдың бірі екендігі;
- 2) сырт көрінісі жағынан ірі қара малға жататындығы;
- 3) табиғаты жағынан *мүйізді ірі қара мал; айыр тұяқты мал; күйіс қайыратын ма.*

Демек, *сиыр* сөзінің семантикалық құрылымындағы осы белгілер оның басқа төрт түлік малдан ерекшелігін көрсетеді.

Б.Сағындықұлы: Сөздің өзге сөздермен қарым-қатынасқа, байланысқа түспей, жеке-дара тұрғанда тікелей түсінілетін халық таныған логикалық-заттық ұғымы, лексика-семантикалық түсінігі *лексикалық мағына* деп аталады, – деп жазады [4, б.98].

Осы қасиеті арқылы сөздерді бір-бірінен ажыратып танудағы негізгі мағына ретінде танылып, сөздің басқа мағыналарының тууына негіз болады. Сөз мағынасынан әрбір тілдің өзіндік ерекшелігі мен өзіндік бояуы айқын көрінетіндіктен, мағынаны таным категориясы ретінде сипаттаймыз. Мысалы, ми – бас миды білдірсе, орыс тілінде бас миымен қатар, жілік майын да (костный мозг) білдіреді.

Сөздің жеке тұрғанда және сөйлем ішінде білдіретін негізгі ұғымы оның лексикалық мағынасы саналады. Мысалы: *тау, тас, орман*. Ал осы сөздерді сөз тұлғасы, сөз таптары, сөйлемдегі қызметі тұрғысынан қарастырғанда олардың білдіретін мағыналары – грамматикалық мағына болып табылады.

Мысалы:

тау мен тасты жсел бұзар;

– *орман – ел байлығы* дегендегі *тау, тас, орман, ел, байлық* деген «сөздер, біріншіден, жеке-жеке ұғымның атауы болып, лексикалық мағынаны білдіреді. Екіншіден, ол сөздердің барлығы да жалпы зат атауы мәнін білдіріп, зат есім болып тұр. Бұл көрсеткіштер сөздердің грамматикалық мағынасы білдіреді [3, б.17].

Сонымен қатар, лексикалық мағына – сөздерді бір-бірінен ажыратып танудағы ең негізгі мағына, ол арқылы сөз жеке даралық (единица) қасиетіне ие болады. Кез келген сөзді талдағанда бірінші лексикалық мағынасын көңіл бөледі. сөз мағынасынан әрбір тілдің өзіндік ерекшелігі, өзіндік бояуы айқын көрінеді.

Мысалы, қазақ тілінде *сарай* сөзі әсем салтанатты ғимарат, *зәулім құрылыс, үй* мағынасын білдірсе, түркі тілдерінен ауысқан сарай сөзі орыс тілінде әртүрлі шаруашылық заттарын сақтайтын *қора* немесе *қораштау* үлкен үй мағынасын береді.

Ми сөзі қазақ тілінде бас миы, адам жаратылысының бір бөлігі деп қолданылса, орыс тілінде *мозг* сөзі бас миын ғана емес, жілік май мағынасын да білдіреді. Оларды бір-бірінен айырып көрсету үшін головной мозг, костный мозг деп айырып айтады [12, б.59].

Туыстас тілдерде де сөздер айтылу жағынан бірдей болғанымен, мағынасы тұрғысынан әртүрлі болып келеді. Мәселен, қазақ *ерсі* сөзін жағымсыз мағынада қолданады, ал басқа түркі тілдерінде бұл сөз нашар мағынаны бермейді.

Сөз мағынасы әрқашан бірқалыпта тұрмайды. Тіл жүйесінің ішкі заңдылықтары және одан тыс ақиқат өмірдегі мәдени-тарихи, санадағы психологиялық өзгерістер сөздің лексикалық мағынасына әсер етеді.

Мысалы, *қыз-қырқын* сөзіндегі қырқын сөзі қазір жеке қолданылмайды. Ертеде түркі халықтарында қырқын сөзі «*күң қыз*», «*күңнен туған қыз*»

мағынасында қолданылған. Кейін қырқын сөзі өз дербестігінен айырылды да, қыз тіркесімен бірге жүріп, жалпы *қыз балалар* деген мағынаны беретін болды.

Сөз мағынасына қатысты арнайы еңбек жазған Б.Қалиев пен А.Жылқыбаева жалпылық және нақтылық мәселесін былай ажыратады: ...*ұғым екеу: жалпы ұғым және жеке (нақты) ұғым. Бір сөзде екі ұғымның екеуі де болуы мүмкін* [13, б.56].

Мәселен, *терек* десек, дүние жүзіндегі терек (терек – ағаштың бір түрі) атаулының бәрін ұғамыз, бірде өзіміз қасында тұрған, қолымызбен сипап немесе құшақтап тұрған теректі ғана ұғамыз (*мына терек жуан екен*). Алдыңғысы – *жалпы ұғым*, екіншісі – *жеке, нақтылы ұғым*.

Сөздің тұрақты сөз тіркестерінде көрінетін лексикалық мағынасы фразеологиялық байлаулы мағына деп аталады. Фразеологиялық байлаулы мағынаның табиғаты сөздердің тура немесе номинативті мағынасынан өзгешелеу келеді. Сөз өзінің номинативті мағынасында заттар мен құбылыстарға тікелей бағыттталып көптеген сөздермен тіркесіп жұмсалуға икем болса, фразеологиялық байлаулы мағынасында тек белгілі бір сөздермен ғана тіркесіп, санаулы ғана тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданылады.

Мысалы, *су* деген сөздің *су құю, су тасу, сумен жуу, су төгу* деген сөз тіркестеріндегі мағынасы – номинативті мағына. *Су* деген сөз номинативті мағынада басқа да сөздермен еркін тіркесе береді. Ал *су* жаңа немесе судай жаңа деген тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы *су, судай* деген сөздердің өте, тіпті деген мағынасы – фразеологиялық байлаулы мағына болып табылады. Сөздердің лексикалық мағыналарының айрықша бір түрі фразеологиялық байлаулы мағына белгілі бір тұрақты сөз тіркестеріне телініп, соған маталып жүреді.

Лексикалық мағынаның бұл түрінің фразеологиялық «байлаулы мағына» деген терминімен аталуында тағы да мынадай мән бар: бұл мағына сөздердің еркін тіркесінде емес, фразеологиялық оралым деп аталатын тұрақты тіркестерінде ғана болып тұр.

Екіншіден, фразеологиялық байлаулы мағынасы онымен мағынасы жағынан мәндес келетін сөзбен алмастырып айтуға мүмкіндік болғанымен, ол мағына синонимдік қатарлардың жасалуына негіз бола алмайды.

Сөздің лексикалық мағынасы дегеніміз – дыбыстық комплекстің, ақиқат өмірдегі құбылыстардың бірімен белгілі бір тілде сөйлеуші коллектив арқылы белгіленген байланысы болып саналады. Дыбыстардың тіркесі белгілі бір затқа немесе құбылысқа атау ретінде тіркеледі. Бірақ дыбыс тіркесі өзі белгілеген заттың немесе құбылыстың қасиеті мен сапаларын көрсетпейді. [14, б.196-197].

Егер дыбыс тіркесі өзі белгілейтін заттың немесе құбылыстың табиғатын бейнелеп, онымен етене байланыста болса, онда белгілі бір зат немесе құбылыс дүние жүзіндегі тілдерде бір ғана сөзбен аталған болар еді. Олардың лексикалық айырмашылығы болмаған болар еді. Егер әрбір сөз өзінің дыбыстық құрамымен заттың табиғи қасиетін бейнелесе, онда сөз мағынасының ауысуы, келтірген мағынада қолданылуы тіптен мүмкін болмас еді: онда бір ғана затты не құбылысты әр жақтан атайтын мәндес сөздер –

синонимдер де, басқа мағыналы, бірақ біркелкі дыбысталатын сөздер – омонимдер де болмас еді [15, б.57].

Лексикалық мағынаның кіші семантикалық құрылымы. Сөз – тілдің лексика-семантикалық жүйесінің негізгі бірлігі. Сөздің ауызекі сөйлеу тіліндегі мағынасын тілдік жүйе тарапынан түсіндіруге болады. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде берілген лексикалық мағынаның көрінісіне назар аударайық:

*ағаш – қатты сабағы (діңі) мен бұтақтары бар өсімдік;
бұтақ – жерден бастау алатын бұтақтары бар өсімдік;
шөп – жіңішке сабағы бар кішкентай өсімдік.*

Берілген осы үш элементке ортақ белгі «өсімдік» болса, бірінші және екінші сөз элементіне ортақ белгі «сабақ» екендігін көреміз. Мұндай ортақтық осы заттардың білдіретін ұғым-түсінігіндегі ортақ белгілерінен туындайды.

Енді осы лексемалардың семантикалық мазмұнын толығымен қарастыру үшін сөздікке назар аударайық:

Ағаш

- бұтақты, жапырақты, қатты түбірлі көп жылдық өсімдік;
- өте жақсы жетілген діңі бар, биіктігі екі метрден кем болмайтын көп жылдық өсімдіктер;
- жалпы ағаш атауы;
- тұрмыс қажетін өтеу үшін кесіліп, қиылып алынған ағаш кесінділері.

Бұта

- жер бетінен биігірек түп-түп болып өсетін бұталы өсімдік.

Бұтақ

- ағаш діңінің бүйірінен өсетін тармақ-тармақ сабақ, өскін;
- «кесілген бөрене мен тақтай бетінде қалған бұтақтың орны.

Шөп

- жалпы шөптесін өсімдік атаулы;
- жұмсақ және жіңішке жасыл сабағы бар өсімдік [16, б.18].

Сөздің лексикалық мағынасының типтерін айқындауда ұстанатын ең негізгі белгілердің бірі – *сөз мағыналарының шындық болмыстағы объектілерге қатыстылығы.* Лексикалық мағынаға заттар мен құбылыстарды білдіретін толық мағыналы атаулар ие болады.» Сөздің ең негізгі қызметі – атауыштық қызмет, яғни заттар мен құбылыстарды, іс-әрекетті және олардың белгілерін атап білдіруі.

Тілдік жүйеде толық мағынаны иеленетін тілдік бірліктермен қатар, таза грамматикалық мағынаны иеленетін көмекші сөздер, модаль сөздер, одағай сөздер болады. Мұндай сөздер жүйесі шындық болмыстағы зат, құбылыстарға тікелей қатысты болмағандықтан, лексикологияның зертеу нысанына айнала алмайды.

Сөздің лексикалық мағынасының типтерін айқындауда төмендегідей төрт негізгі белгісіне назар аударамыз (3-кестеде):

3-кесте. Лексикалық мағынаның түрлері



Сөздің шындық болмысқа қатыстылығына қарай пайда болған мағыналары. Сөздің атауыш мағынасы – зат, құбылыс, іс-әрекет және олардың белгілеріне қатыстылығымен пайда болған. Сөздің затты не құбылысты атап білдіретін мағынасы *атауыш мағына* деп аталады. Атауыш мағына әр заттың дербес мағынасы болып келеді, сол арқылы біз заттарды бір-бірінен айыра білеміз. Мысалы: қалам, сары, оқу т.б. Көрсетілген сөздердің әрқайсысы өзіне тән ұғымдық мағынаны иеленіп, затты, заттың түсін, іс-әрекетті жеке-жеке атап тұр. Атауыштық мағына зат пен құбылысқа тікелей бағытталғандықтан, оны тура мағына деп те атайды. Тура мағына зат пен құбылыстың қазіргі кездегі тұрақты, негізгі мағынасы саналады. [17,б.21-22].

Сөз мағынасы – үнемі даму үстінде болатын құбылыс. Сөз әрқашан тура мағынада қолданыла бермейді, сөздің атауыштық мағынасының негізінде туып өрбіген, бір тілде сөйлейтін адамдарға түсінікті ауыс мағыналары болады.

Тіліміздегі сөздердің бәрі бірдей бір ғана лексикалық мағынаны білдіріп қоймайды. Олардың ішінде бірнеше атауыштық мағынаға ие болатын сөздер де бар. Мәселен, *адамның құлағы, домбыраның құлағы, қазанның құлағы;*

адамның аяғы, үстелдің аяғы, кереуеттің аяғы т.б. Сөздің ауыс мағынасы өз кезігінде көпмағыналы сөздердің тууына әсер етеді.

Сөздердің стилистикалық қызметінен туындайтын стилистикалық мағынаға көркем әдебиеттегі *поэтикалық мағына* қосылады. «Поэтикалық мағына – жалпыхалықтық тілде бір-бірімен не логикалық, не семантикалық тіркесімге түсе алмайтын сөздерден жаңа тіркестер жасау, сөздің үйреншікті мағынасын бейнелеп, поэтикалық көтеріңкі сипатта қолдану нәтижесінде алынады. Халықтық тілде бір-бірімен қиыспайтын сөздерден жаңа тіркестер, сөздің үйреншікті мағынасын бейнелеп, поэтикалық көтеріңкі сипатта қолдану көркем әдебиетте жиі кездеседі. Содан барып поэтикалық мағына қалыптасады.»

Поэтикалық мағына – троп, фигуралардың түрлері сияқты поэтикалық тәсілдерді қолдану арқылы сөздің айрықша көтеріңкі айтылуынан туатын мағына. Мәселен, *аспанды алақандай, жерді тебіңгідей ету; қабағынан қар жауып, кірпігіне мұз қату т.б*

Сонымен қатар шетелдік ғалым Дж.Личь лексикалық мағынаның мынадай түрлерін көрсетеді:

- *концептуалды мағына* – логикалық, когнитивті немесе денотативті мағына. Мәселен, «woman» сөзі мынадай семантикалық құрылымға ие: адам, ер жынысты, үлкен;

- *конотаттық мағына* – сөзбен байланысты қалыптасқан әлеуметтік белгілері бар мағына түрі. Мәселен, әйел сөзі қазақ халқының тілдік санасында «ақылды, дана, мейірімді, аяулы» сияқты бағалауыштық мәнге ие.

- *стилистикалық мағына* – сөз қолданысының әлеуметтік сипатын айқындайтын семантикалық белгілерге ие мағына түрі. Мәселен, ресми, публицистикалық, іскери, бейтарап, қарапайым;

- *рефлексивті мағына* – ассоциативті түрде бір сөздің (көпмағыналы сөз) бір-бірінен алыс өзге мағынамен байланыста туындайтын мағына түрі. Мәселен, ағылшын тіліндегі «dear» сөзі мынадай мағыналарды білдіреді: қымбат тауар, қымбат адам (1); ғашық, сүйікті (2);

- *аффективті мағына* – сөйлеушінің тыңдаушыға, қандай да бір затқа, құбылысқа, іс-әрекетке деген ішкі жан дүниесіндегі сезімдерін білдіретін мағына түрі. Мысалы: Ақырын сөйлеңізші, өтінемін сізден! (әдеби, сыпайы мәнді); Аузыңды жап! (тұрмыстық-қарапайым, дөрекі мәнді);

- *коллокативті мағына* – белгілі бір лексемалардың тіркесімділігі нәтижесінде түзілетін семантикалық мағына түрі. Мәселен, *pretty* және *handsome* «красивый, милостивый» мағынасында өзара тепе-тең түскенімен, өзге сөздермен тіркесімділік түзуде әртүрлі мағынаны иеленеді: *pretty girl, pretty woman, pretty boy, pretty flower, pretty garden; handsome boy, handsome man, handsome car, handsome overcoat, handsome vesse* [18, б.10-27].

Сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы. Сөз мағынасы арқылы әрбір тілдің өзіндік ерекшелігі мен өзіндік бояуы, ұлттық сипаты көрініс табады. Сананың дамуына байланысты сөздің білдіретін ұғымдық өрісі ұлғая түседі.

Бұл үдеріс сөз мағынасының семантикалық тұрғыдан дамуына әсер етеді. Сөз мағынасының дамуы нәтижесінде мағына не кеңейіп, не тарылып отырады.

Мағынаның нақтылықтан дерексіздікке, жалқылықтан жалпылыққа ауысуы сөз мағынасының кеңеюі деп аталады. Сөздің семантикалық жақтан дамуына интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар ықпал етеді [18, б.65].

Ауыспалы мағына – сөздің қолданылу барысында пайда болатын туынды мағынасы. Этимологиялық тұрғыда сөз негізгі (тура) мағынадан өрбиді. Ауыспалы мағынаның жасалуына бір зат пен екінші бір заттың, бір құбылыс пен тағы басқа құбылыстың форма, сыртқы түр, түр ұқсастығы, қызмет сәйкестілігі негіз болады».

Мысалы, *түзу ағаш – үйге тіреу, түзу жігіт – елге тіреу (мақал)* сөйлемде түзу сөзі алғашқы бөлігінде тура мағынасында, екінші бөлігінде ауыспалы мағынада қолданылған. Сөздің ауыспалы мағынада қолданылу тәсілдеріне метафора, метонимия, меңзеу, синекдоха қызмет бірлігімен жасалу жолдары жатады [19, б.178].

Ауыспалы мағынадағы сөздер тура мағынадағы сөздерге қарағанда диффузиялық құбылысқа тән.

Қазақ тілінде сөздер тура және ауыспалы мағынада қолданылады. Тура мағына, жоғарыда да аталып өткендей – сөздің бастапқы, негізгі мағынасы. Тура мағына заттың немесе құбылыстың атын тура атап көрсетеді. Мысалы, адамның басы, адамның қолы, адамның көзі, адамның аяғы, ыдыстың түбі, қыздың төркіні, қоянның құлағы, суық жел, биік тау, жылы киім, т.б.

Ауыспалы мағына – сөздің тура мағынасының негізінде қалыптасқан, ойды көркемдеп жеткізу үшін қолданылатын келтірінді мағына. Мысалы, күннің көзі, жұмыстың аяғы, әңгіменің басы, сөздің төркіні, ел құлағы, суық хабар, биік мақсат, жылы сөз.

4-кесте. Ауыспалы мағыналы сөздер тізбегі

«Қара жүрек»	Қара хабар
«Жұмсақ мінез»	Қара бет
«Қатты сөз»	Жылы лебіз
«Ақ жүрек»	Жылы ниет
«Суық хабар»	Биік ой
«Қалың жұрт»	Биік сезім
«Қара шаңырақ»	Ескі дос
«Ашық мінез»	Тас жүрек
«Күміс үн»	Жұмыстың басы
«Алтын жүрек»	Алтын дауыс
«Жұмсақ күлкі»	Терең ой

«Жылы сөз»	Суық адам
«Қара тер»	Алтын күн

Сөздің мағыналық жағынан дамуына сыртқы себептер де ықпал етеді, әсіресе, сөздің мағынасының өзгеруіне ішкі себептерден гөрі сыртқы себептер көбірек әсер ететіндігі байқалады. Сөз мағынасының дамуы нәтижесінде мағына не кеңейіп, не тарылып отыру заңдылықтар туады.

Сөз мағынасының кеңеюі деп сөздің тұлғасын өзгертпей-ақ бұрыннан белгілі мағынасының үстіне жаңа қосымша мағыналарға ие болуын айтамыз. Ол негізінде жоғарыда аталып өткендей, метафоралық, метонимиялық, синекдохалық тәсілдер арқылы іске асады [19, б.145].

Осы күні жиі айтылатын *қарау, табыс, жарыс, мүше, құру, құрылыс, қатынас, байланыс, жұрнақ, жалғау, тасымал, айналым, құн, т.б.* бәрі де халықтық бұрынғы мағынасының негізінде жаңа мағынаға ие болған сөздер.

Көп мағыналы сөздер бір негізден таралады да, бір сөз табына қатысты болады.

Мысалы:

- Бас (зат есім) – 1. адамның, айуанның, жәндіктің дене мүшесі;
 2. шөптің, ағаштың ең жоғарғы жағы;
 3. таудың ең үсті;
 4. өзеннің, бұлақтың басталған жері;
 5. таяқтың ұшы;
 6. балтаның, шоттың жүзі бар жағы;
 7. бір нәрсенің айналасы.

«Сөз мағынасының тарылуы тарихи, қоғамдық, әлеуметтік, т.б. жағдайларға байланысты сөздің кейбір мағынасының қолданыстар шығып қалуын білдіреді. Жалпы, көп мағыналылықты (полисемия) омонимдерден ажырата алу керекпіз. Бұларды бір-бірінен ажырату мәселесі тіл білімінде өте күрделі мәселе».

Мысалы:

- Көне түркі тілінде *тон, тары* – тек дәнді дақылдардың бір түрін емес, егін, астық, атаулыны білдірген;
- *Тон* – тек қой терісінен тігілген киімді ғана емес, жалпы киім атаулыны білдірген;
- *Қол* – адамның дене мүшесі ұғымымен бірге, тарихи әскер, жасақ ұғымында да қолданылған;
- *Қарындас* – көне түркі тілінде, ежелгі қазақ тілінде, қазіргі кейбір түркі тілдерінде: «туысқан, бір тектес адамдар» мәнін білдірсе, қазіргі қазақ тілінде «бірге туған кіші қыздың ағасына туыстық қатынасы», жасы үлкен ер адамның әйел балаға айтылатын сөзі» мағынасы білдіріледі [20, б.18].

Яғни, бұл ретте мағынасы тарылған.

Бірқатар сөздердің қолданылу өрісі, мағынасы тарылғаны соншалық, олар тек бірен-саран фразеологиялық тіркестерде ғана сақталып қалған: *міз бақынау, түлен тұрту, қаншырдай қату, мұрны қолақпандай, аузы кебістей, т.б.*

Осы себепті, «метафора – сыртқы не ішкі белгілеріндегі (тұлғасындағы, қимылындағы не атқаратын қызметіндегі, т.б.) ұқсастыққа қарап, бір зат атаулының басқа бір затқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысуы метафора деп аталады. Мағына ауысуының бұл тәсілінің негізінде ұқсату заңдылығы жатыр».

Сөз мағынасының дамуы тілдің ішкі және сыртқы себептері арқылы жүзеге асады. Сөз мағынасының дамуындағы ішкі себептер – тілдің өз мүмкіндігін пайдаланып, семантикалық заңдардың нәтижесінде сөз мағынасының ұлғаюы.

Мысалы, *жұрнақ* –

1. *тура мағынасы: бір нәрсенің қалдығы.*

2. *термин.*

Сөздің сыртқы заңдылықтар арқылы дамуына тілден тыс қоғамдық, әлеуметтік, тарихи жағдайлар мұрындық болады (қатын - хатун – әйел).

1. Сөз мағынасының кеңеюі. Сөз тұлғасын өзгертпей-ақ мағына үстіне мағынаның қосылуы (күн, баға, талқы)

2. Сөз мағынасының тарылуы. Тарихи, әлеуметтік жағдайларға байланыста сөздердің қолданыстан шығуы (жесір, қагілез) [3, б.112]

Сөздердің ауыс мағынасына қарай талдар болсақ, «*метафора* – метафоралық ауыс мағына туғызу, сыртқы не ішкі белгілеріндегі ұқсастыққа қарап, бір заттың атауы басқа бір затқа атау болды. Бұл – ұқсастық заңдылығына негізделеді.»

1. *Тілдік метафора.*

2. *Поэтикалық метафора.*


Метафоралы мағынаның бір түрі тілдік метафора болса, келесі түрі – поэтикалық метафора.

1. Тұлға ұқсастығы: адамның көзі, бұлақтың көзі, істің көзі;

2. Қимыл ұқсастығы: тіл - адамның тілі, сағаттың тілі, техниканың тілі;

3. Заттың қызметіндегі ұқсастық: адамның басы – елбасы;

4. Ұғымның бір-біріне қатынасынан туған ұқсастық: жіңішке – жіп, бел.



2-сурет. Метафора түрлері

Метафора – сыртқы не ішкі белгілеріндегі ұқсастығына қарай, бір зат атауының екінші бір затқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысуы болып табылады. Қолдану сипатына байланысты метафора үшке бөлінеді: *тілдік (дәстүрлі) метафора, поэтикалық метафора және окказионалды метафора* [1, б.66].

5-кесте. Метафоралық байланыс

Лексема	Негізгі мағынаның түсіндірмесі	Семантикалық дериваттың түсіндірмесі
Жұлдыз	Түнде өздігінен жарқырап, нүктедей болып көрінетін аспан денесі. Жұлдызды аспан. Шолпан жұлдызы.	Халық қалаулысы, майталман, өнер жұлдызы.
Қызыл	Қанның түсіндей түс	Қызыл су «Өзен бетіне мұз жарығынан шыққан су. қысы қатты аймақтардағы суы мол өзендерге тән. Мұз астындағы қысымның жоғарылауынан су үстіңгі қабатты жарып, жер бетіне шығады да, тоң топыраққа сіңе алмай, қызылсу мұзына айналады».
Жұғу	«Бір заттың екінші затқа жабысуы (үстіме күйе жұқты)»	Аурудың біреуден біреуге тарауын, мінез-құлқы, өнері, қылығының өзге бір адам бойынан табылуына орай қазақ халқы «жұққан екен» дейді. [1,б.67].

Поэтикалық метафора – ойды әсерлі, әрі айқын етіп жеткізудің бір тәсілі, ой көркемдігі, жалпы халыққа таныс белгілі суретке негізделген болады:

Шөл кемесі – түйе, ақ алтын – мақта, сары алтын – бидай, қара алтын – көмір, екінші нан – картоп.

Синекдоха – бүтіннің орнына бөлшек, бөлшектің орнына бүтінді қолдану. Ақ жаулық, тұяқ, ақсақал, бөріктілер [4,б. 16].

Тілдегі бір сөз бірнеше мағынаға ие болады. Әр сөзді сөйлемде өз орнына, өз мағынасында дұрыс қолдану үшін сөздің негізгі мағынасын білу өте қажет. Сөздердің мағынасы сөйлем ішінде белгілі бір контексте ғана айқындалады. Тілдегі сөздердің барлығы бірдей дербес ұғымды, бір мағыналы болып келмейді. Кейде бір сөздің әр сөйлемде әртүрлі сөздердің тіркесіне қарай беретін мағыналары кұбылып, көп мағыналы болап та тұрады.


Мысалы, *Жер бір тәулікте өз осін бір рет айналып шығады. Колхозшылар жер жыртыуға кірісті. Олар екеуі екі жерде тұрады. Шырағым,*

қай жерің ауырады? деген сөйлемдердегі жер сөзінің мағынасы әр сөйлемде әртүрлі қолданылып тұр.

Бірінші сөйлемде – планета ұғымында, екінші сөйлемде – егіс ұғымында, үшінші ұғымында – орын, төртінші ұғымында – тұспалды нұсқада қолданылып тұр [4, б.17].

Сөздің ауыспалы мағынасының тағы бір түрі – фразеологизм. Фразеологизм фразеологиялық бірлік немесе фразема – құрамға және құрылым туралы сөз тіркесі немесе (сөздік бірлік) жеке лексеманың функция орындайтын ұсыныс мән бойынша бүтіндік бөлінбейтін орнықты, лексикалық сөйлем немесе сөз тіркесі.

Сөздік мағына жалпы ірі екі топқа бөлінеді: грамматикалық және лексикалық. Көп мағыналы сөздер *тура және ауыспалы* болып бөлінеді. Тура: ақ көйлек, ақ сөмке, т.б. ауыспалы мағына: ақ жүрек «таза», «адал», алтын адам «адамгершілігі бар адам», т.б. (2-сызбада)



4-сызба. Сөз мағыналарының жіктелімі

Мысалы, қазақ тіліндегі «періште» сөзінің ҚӘТС-де (түсіндірмелік сөздікте) берілген мағыналарына талдау былай жасалған:

1) *Діни мағынасы*. Мифология мен діни ұғым бойынша Құдайдың әмірін жеткізіп тұратын көмекшілер.

2) *Ауыс мағынасы*. Әзірейіл, әулие, пір. «Көзіме әлденелер көрінді: тергейтін періштелерді көрдім, бүйірімнен көр қысты» (М.Жұмабаев. Шығ.).

3) *Ауыс мағынасы*. Кінәдан пәк, уыздай жас, сәби, бала. Қолымда екі жылдан астам тұрды. Өзін қойшы, ана қолындағы періштеге әкені қайдан табады (Н.Әбдікәрімова. Сенім.)

4) *Ауыс мағынасы*.

«Көтерілмей жүргенде еңсем менің,
Армандадым, біреуді көрсем дедім.
Біреу маған алыстан қолын созған,
Қолын созған періштем сол сен бе едің?».

(М.Мақатаев. Шығ.)

5) *Ауыс мағынасы*. «Асқан сұлу, көркем ару.

Сенсің, досым, жібек мінез, жібегім!

Сені ғана сүйем – куә жүрегім,

Суық жолдан сақтайтын сен-періштем,

Сен болмасаң, азып-тозып өлемін» [21, б.96-97]:


(М.Жұмабаев. Шығ.).

Сөздікте періште сөзінің бастапқы мағынадан туындайтын 3, 4 және 5 ауыс мағынасының семантикалық уәжі толық көрініс таппаған. Дегенмен періштелердің күнәдан пәк, кемшіліктен ада, Алланың әмірін орындайтын, аманатқа өте бекем келетінін, олардың аспан әлемінде өмір сүретіндігін, эстетикалық сұлулықтың символы екендігін діни және мифологиялық шығармалардың негізінде оқып танығанбыз, солай қазақ халқының тілдік санасында сақталып қалған.

Жаңа туылған нәресте, сәби, кішкентай бала да періште сияқты ойы таза, күнәдан пәк келеді. Бала мен періштенің арасындағы осындай ассоциациялық байланыстың (ұқсату, салыстыру әрекеті) негізінде «кінәдан пәк, уыздай жас, сәби, бала», «кіршіксіз адал жан, асыл таза адам» сынды ауыс мағыналары туындайды.

Ал кемшіліктен ада, күнәдан пәк, таза адам, яғни жан сұлулығының символы қазақ халқының тілдік санасында «періште» сөзімен таңбаланады. Осылайша когнитивті-ассоциативті танымның негізінде періште сөзі өзінің семантикалық аясын кеңейте түседі.

Осы тілдік материалдарға қарай отырып, метафоралық байланыстың форма ұқсастығы: *балапан құс* → *балапан шаш*; *сапа ұқсастығы*: *алтын сырға* → *алтын шаш*; *іс-әрекет ұқсастығы*: *бала жымыңдады* → *жұлдыз жымыңдады* сынды типологиясы айқындалады.



5-сызба. Метафораның жасалу тәсілдері

Тілдік метафора сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық аясын кеңейтіп, үздіксіз даму үстінде болады. Метафора мынадай ұқсастықтар негізінде жасалады:

- «түр-тұлғасы ұқсастығы: судың беті, домбыраның құлағы;»
- «қимыл ұқсастығы: күн күлімдеді, жұлдыздар жымыңдады;»
- «сапа ұқсастығы: мөлдір бұлақ – мөлдір махаббат, ащы пияз – ащы өмір.»
- «мінез-құлық ұқсастығы: түлкі – «айлакер, қу», аю – «икемсіз».

Егер балапан деп құстың баласын (зат есім) танысақ, осы сөздің метафоралық ауыс мағынасы сындық мағынада (балапан шаштар) жұмсалады.

«Ұқсату заңының негізінде бір сөз арқылы бірнеше ұғымды танып білуге болады. Қалың – сапалық ұғым, ерекше белгілері – қалың нәрсенің жуан болатындығы; әрі тығыз, жиі орналасуы сияқты ерекшеліктердің әрқайсысы сөйлеу үстінде жеке-жеке мағынаға ие болады:» *қалың шөп (бітік, тығыз); қалың жұрт (көп, мол), қалың ерінді кісі – жуан, толық.* Метафораның негізінде туған ауыс мағына сөздік мағынаға еніп, сөздің туынды мағыналарының қатарында қалады.

Ақын-жазушылардың, танымал қаламгерлердің шығармаларында кездесетін әсерлі сөз өрнектерін *поэтикалық метафора* деп атайды.» Егер тілдік метафора жалпыхалықтық сипат алса, поэтикалық метафораны қоғамдық ақпарат қызметкерлері, көркем әдебиет қызметкерлері қалыптастырады. Мысалы: *қара алтын* – көмір, *сары алтын* – бидай, *ақ алтын* – мақта, *шөл кемесі* – түйе, *жер кемесі* – комбайн т.б [21,б.35].

Метонимия – өзара іргелес, шектес бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты туатын ауыспалы мағына метонимия болып табылады. Метонимиялар мынадай іргелестік, шектестік негізінде жасалады:

1) қимыл, әрекет пен оның нәтижесінің шектестігі: бояу, егеу, сайлау, жайлау, ою, жабу т.б.;

2) зат пен оның ішкі мазмұнының шектестігі: шәйнек қайнады, қазан асты;

3) материал мен одан жасалған заттың шектестігі, алмас – қатты, асыл металл, өткір қару ретінде *қылыш* мағынасын береді. Сол сияқты, хрусталь, фарфор – материал атауы және сол материалдан өндірілетін бұйымдар атауы.

4) сапалық сын есімдер мен олардың заттанған мағыналарының байланыстылығы: *қара* - түс, қарайып тұрған нәрсе; арамдық, зұлымдық; *қара жамылды*; ірі *қара мал* т.б. Сол сияқты, *ақ*, *қызыл*, *көк* (түс, аспан, шөп) түстерін айтуға болады;

5) автор мен оның шығармасының, шығарма аты мен оның ішкі мазмұнының байланыстылығы: Құрманғазыны тартты, Абайды оқыды деген тіркестерден олардың шығармаларының тартылғаны және оқылғаны белгілі болады;

6) іргелес заттық ұғымдардың шектестігі: алтыбақан – ұлттық атау, ойын; үкі – құс, мамық, үлпілдек қауырсын;

7) жалқы есімдердің бір-бірімен шектестігі: Абылай хан мен Төле бидің қиылысқан жерінде «Балалар әлемі» орналасқан. Абай (аудан) қайдасың деп тартып кеттік;

8) жалқы есімдердің жалпы есімге айналып, дербес мағыналы сөз ретінде қолданысқа түсуі: Алдар көсе – «айлакер, қу», Мырқымбай – «кім көрінген жай адам» ұғымын, Асан қайғы – «уайымшыл», Шық бермес Шығайбай «сараң» деген ұғымдарды аңғартады;

9) кейбір заттар мен бұйымдар алғаш рет қай жерде өндірілсе, сол жердің атымен аталады: қаракөл (елтірі) Бұқардағы Қаракөл алқабының аты; шампан (ішімдік) – Париж қаласының маңындағы провинцияның атауы;

10) кейде жалқы есімдер, оның ішінде, кісі аттары метонимияға айналады: маузер, наган, калашников (әскери қару); френч, галифе (әскери киім) осы аттас генералдардың есімімен аталып, термин сөзге айналған [23, б.81-83].

Көптеген лексемалардың өн бойындағы көпмағыналылық кірме сөздердің есебінен де жүруі мүмкін, кейде семантикалық дамудың есебінен де жүруі мүмкін. Мәселен, шахмат сөзін алайық: 1. ойын атауы; 2. шахмат тақтасындағы фигуралардың жалпы атауы. Мұндай жағдайда тілдің лексика-семантикалық жүйесінде деривативті модельдер бойынша полисемантикалық даму процесі жүреді.

Синекдоха – сөзді ауыстырып қолдану арқылы көпмағыналы сөз тудырудың бір тәсілі. Зат пен құбылыстың іргелес, шектес келіп, бір атауға ортақтасып ауысып қолданылуы жағынан синекдоха метонимияға жақын тұрады. Мұндағы басты белгі – бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны немесе керісінше алмасып қолданылуы. Мысалы: *ақ жаулықты, орамал тартқандар; бөрік кигендер* [23, б.81-83].

Бүтіннің бөлшегі ретінде қолданылатын сөздер де бірнеше контексте жұмсала келіп, полисемияға айналатындары болады. Мәселен, *тұяқ* және *көз* деген сөздерден синекдоха тәсілі арқылы мынадай мағыналар пайда болған:

Тұяқ:

- 1) ұсақ мал, қой, ешкі;
- 2) малдың жалпы есебі;
- 3) ұрпақ, тұқым, бала;

Көз:

- 1) туған-туыс, жақын
- 2) не нәрсенің нақ өзі, өз басы;
- 3) көпшілік, адамдар

Шымылдық:

1. Төсек тұсын жауып қоятын матадан тігілген қалқан. Мысалы: Шағи шымылдық суылдап әлдекім төсектен түскендей болды да, қыңқылдап жатқан балаларға беттегені көлендеді (О.Бөкей).
2. Театр сахнасын жауып қоятын матадан тігілген қалқан.
3. Шымылдығың желбіреп тұр ма? (диал.) – «қайда асығасың?» деген мағынаны білдіреді.
4. Шымылдық байлар (этнографиялық атау) – құда-құдағилардан алынатын кәде.

7. *Сөз мағынасының тарылуы.* Төменде берілген сөздердің мағыналарының дерексіздіктен деректіге, жалпылықтан нақтылыққа өту процесін сипаттап жазыңыз: *тон, киік, тары, жылқы, алды, арты, асты, өйткені, сөйткені, таман, туралы, соң.*

8. *Сөздерді ауыспалы мағынада қолданып тіркес жасаңдар:* ауыр, қиын, ыстық, дастарқан, жүрек, қисық, теріс, құлақ, терең, таяз, жуан, сұйық, мұз».

9. *Берілген мәтіннен метафоралық, метонимиялық және синекдохалық тәсіл арқылы алынған ауыспалы мағынаны тауып, оларға үлгі бойынша талдау жасаңыз:*

а) Жыласуға көз жақсы, сыйласуға жат жақсы. Көз – синекдохалық қолданыс. Бүтіннің бөлшегі ретінде «туған-туыс, жақын» деген мағынаны білдіреді.

ә) Тынымсыз жүрек таңғы тәтті ұйқыны Рысқұловтан тартып алды. Мәселенің төркіні әріде жатыр.

Мұндағы *тынымсыз жүрек, тәтті ұйқы, мәселенің төркіні* – метафоралық қолданыстар.

Тынымсыз жүрек – қимыл ұқсастығына негізделген окказионалды метафора.

Тәтті ұйқы – сапа ұқсастығына негізделген поэтикалық метафора.

Мәселенің төркіні – тілдік метафора (туынды мағына)

Әппақ нұрмен шомылтып айналаны, Ақ сәулемен айдынның ойнағы (М.Мақатаев) [23, б.81-83].

Сонымен, аталған бөлімде қазақ тілі лексикалық жүйесінің семантикалық табиғатын, ұғым, мағына және сөз үштігінің арақатынасын, лексикалық мағынаның семантикалық құрылымын, сөз мағынасының даму жолдары (мағынаның кеңеюі мен тарылу процестері) мен сөздің мағыналық өзгерістерін нақты талдаулар жасау негізінде анықтауға тырыстық. Қазақ тіліндегі лексикалық семантиканың теориялық мәселелері қарастырылды. Атап айтқанда, лексикалық семантиканың негізгі базалық ұғымдарын жан-жақты ашып қарастырдық. Сөздер көбінесе бірнеше дыбыстың қалыптасқан тіркесімен айтылғанда ғана белгілі бір мағынаны білдіре алады. Тілдегі сөздердің дыбыстық құрамының өзгеруі сөз семантикасының өзгеруіне әкеледі. Бұдан, біз, тіл ғылымының әрбір саласы өзінің дербестігі мен даралығын сақтай отырып, өзара бір-бірімен құрылымдық қатынаста екендігін байқаймыз.

1.3 Қазіргі мектеп бағдарламасында сөздің ауыспалы мағынасының оқытылуы

Соңғы он жылдықта «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер орын алды. Әсіресе, орта білім беру ұйымдарында жаңартылған білім беру мазмұны қарқынды түрде енгізілді»[24,б. 81-83]. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі бірқатар оң өзгерістерге ұшырады. Оқушыларға қазақ тіл білімін оқу үдерісінде меңгерту заманауи технологиялармен толығына түсті.

Лексика тіл білімінің саласын мектептерде инновациялық технологияларды пайдалана отырып оқыту өзінің тиімділігін көрсете бастады.

Аталған бөлімде жаңартылған білім беру мазмұнының дәстүрлі оқыту жүйесімен айырмашылықтарын және ерекшеліктерін салыстыра отырып саралаймыз. Талдау барысында екі түрлі типтік оқу бағдарламасы нысанаға алынды.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде «қазақ тілінің типтік бағдарламасында тіл білімінің лексика саласын», оның ішінде сөздің тура және ауыспалы мағынасын оқыту тақырыбы 5 және 6-сыныптарға сәйкес келеді. Аталған сыныптарда сөздің тура және ауыспалы мағынасын меңгерту бойынша әр түрлі тапсырмалар жүйесі топтастырылған.

6-кесте. Дәстүрлі білім беру жүйесі мен жаңартылған білім беру бағдарламасының базалық білім мен оның жіктелу барысы

	2000 жылы шыққан қазақ тілін оқыту бағдарламасы		Жаңартылған білім беру бағдарламасы	
	5-сынып	6-сынып	5-сынып	9-сынып
Лексика бөліміне берілген сағат саны	48 сағат		10 сағат	
Тура және ауыспалы мағына тақырыбына	4 сағат	2 сағат	2 сағат	1 сағат
Қорытынды	ЖБББ-да жалпы сағат саны қысқарған.			

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында Лексика бөліміне 5-сыныпта (10 сағат) берілген оның ішінде (2 сағат) тура және ауыспалы мағынаға бөлінген. 9-сыныпта ауыспалы мағынаға (1 сағат) бөлінген.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде тура және ауыспалы мағынаға қатысты тапсырмаларды салыстыра, салғастырыла оқытуды көздеп, ретпен берілген. Осы тұста ескі бағдарламаның тиімді жақтарын атап өтсек те болады.

- біріншіден, тақырып көлемін оқытуда уақыт дұрыстығы;
- екіншіден, бағдарламада көрсетілген әр жеке тақырыпқа іштей қысқа резюме беріліп отырған;
- үшіншіден, әр тақырыпқа байланысты оқыту әдістемесі де бағдарламаны құрастырушылардың тарапынан қамтылып отырған;
- «төртіншіден, әр тақырыпты меңгерту барысында оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптары екі деңгей көлемінде (міндетті деңгей, мүмкіндік деңгейі бойынша) анықтап көрсетілген»;
- бесіншіден, лексикаға мол сағат берілген (48 сағат), тура және ауыспалы мағынаға (4 сағат).

Төменде ЖБББ негізінде 5 және 9-сыныптарда тура және ауыспалы мағына тақырыбына арналған оқу мақсаттары берілген.

7-кесте. Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаты

№	Тақырып	Оқу мақсаты
1.	Жануарлар әлемі 1--2-сабақ	«5.4.3.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану»[25,б.4-5].
2.	Мәңгілік Ел – мұратым.	«9.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға

	байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау»[25,б.6].
--	---

Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша түйінді дағдылар оқу жоспарында спиральді тәсілмен берілген. Қарапайымнан күрделіге қарай, бірте-бірте білім, білік пен дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. Оқушы бойында әлеуметтік дағдылар, жалпы білімнің іргетасы, танымдық белсенділігі, жүйелі оқу әрекетінің қалыптасуына оқу бағдарламаларында көңіл бөлінген. Әрбір жаңа мақсат орындалу үшін соған лайық әдіс-тәсілдер және құралдар жүйесі болуы керек. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының мақсаты оқушының қарапайым басқыштан толыққанды сатыға жеткізу болғандықтан, оқулықтағы тапсырмалар тек білім мазмұнының жай жиынтығы болмауы тиіс» [25, б.56].

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдана білу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарының жүйесін талқылау барысында көз жеткіздік. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалдық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты балдары бойынша өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Критериалды бағалау, кері байланыс тәсілі ХХІ ғасырдағы қарқынды дамып келе жатқан зияткерлік және техникалық ортада табысты болу үшін қажетті дағдыларды меңгертуге бағытталған. Олар оқушыларды сын тұрғысынан ойлау, бірлесіп жұмыс істеу, ақпаратты өңдеу, проблемаларды шешу сияқты анағұрлым жоғары деңгейдегі көптеген дағдыларды өз бетінше меңгеруге және зерделеуге дайындайды және ынталандырады.

Көп жағдайларда дәстүрлі білім беру жүйесінде оқулықтарда бір сарындас тапсырмалар орындату қалыптасқанын байқауға болады. Әрине, бұл—дәстүрлі әдістемеде орын алған үрдіс екені белгілі. Жаттығуларға бір тапсырма беру—оқушының оқулықпен терең жұмыс жасауына себепкер болады». Дәстүрлі білім беру бағдарламасында яғни 5-сынып оқулығындағы тура және ауыспалы мағынаға берілетін білім көлемі және мазмұнын

жаңарылған білім беру бағдарламасымен «сандық және сапалық тұрғыдан салыстырып көруге болады.

8-кесте. Оқулықтардағы білім көлемі мен мазмұнын сандық және сапалық тұрғыдан салыстыру.

Оқулықтар	Шыққан жылы	Теориялық тақырыптар	Жаттығулар саны	Оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмалар
5-сынып оқулығы	2014	6	35	4
6-сынып оқулығы	2014	9	23	7
5-сынып Оқулығы	2017	1	12	5
9-сынып Оқулығы	2019	1	10	1

Дәстүрлі білім беру жүйесінде теориялық тақырыпты меңгертуге және қажетті тура және ауыспалы мағынаға арналған жаттығулардың неғұрлым мол болуы әдіс-тәсілдердің де молдығын көрсетеді. Оқулықтағы жаттығулардың дені тұтас мәтіндерден құралады. Мұның өзі оқушылардың тілі мен ойлауын дамытуға қажет маңызды факторлардың бірі екені белгілі.

Дәстүрлі білім беруде

- оқулықтағы теориялық түсініктер кең түрде баяндалған;
- үлгілер, кескіндемелер арқылы берілген;
- сурет, иллюстрациялар мол берілген.

Оқытудың деңгейлік технологиясын қолдануда оқулықтың құрылымын бейімдеу де қазақ тілін тиімді де терең меңгертудің негізгі талаптарын орындауға көмегін тигізеді.

Қазақ тілін оқытудың құндылығы оқу процесінде басты орын алатын оқулықтың сапалы болуымен, теориялық материалдың терең әрі ұғынықты болуымен, тапсырмалардың оқушы мүмкіншілігіне сай әрі оны дамытуға бейімділігімен сипатталады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы:

- теориялық материалдың баяндалу, сипатталу стилі өте ықшам;
- тапсырмалардың оқушының жан-жақты қабілетін дамытуға септігі аз тиетін әдістер арқылы ұйымдастырылған;

Сандық және сапалық талдаулар нәтижесінде келесідей қорытындылар жасалды:

Біріншіден, жаңартылған білім беру мазмұнында тура және ауыспалы мағына тақырыбын меңгеруге сағат саны жеткіліксіз

Екіншіден, тапсырмалардың мағыналық сапасы терең емес. Яғни, оқушылар бұл тапсырмалар арқылы тақырыпты толық меңгермейді. Қорытындылай келе, сөздің тура және ауыспалы мағынасы тақырыбы ЖБББ-ға қарағанда дәстүрлі оқыту жүйесінде кеңінен ашылған.

II СӨЗДІҢ АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАСЫН ОҚЫТУДА ДЕНГЕЙЛЕП-САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

2.1 Денгейлеп-саралап оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік сипаттамасы

Болашақ ұрпақтың саналы азамат болуына ықпал ететін, адамзат қоғамының алға қарай жетелейтін күш – білім. Ғылым мен техниканың дамуы, қоғамның өсіп-өркендеуі, еліміздің өркениетті елдер қатарынан орын алуы оның білім беру жүйесінің даму дәрежесімен тығыз байланысты. Сондықтан әр баланы ана тілін терең меңгерген, ұлттық мұраны құрметтейтін, іскер, шығармашыл, дүниетанымы мол, зиялы да инабатты тұлға етіп тәрбиелеу—әр мұғалімнің міндеті.

Бүгінгі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырып шығу мүмкін емес. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық келбетін қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып оқыту үрдісін ұйымдастыруға көмектеседі.

Осы тұрғыдан келгенде білім беру жүйесінде жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің технологиясын жаңартуға байланысты көптеген міндеттер жүзеге асуда. Мұндай жаңартулар мен өзгерістер *педагогикалық технология* деген ұғыммен тығыз байланысты.

«Қазіргі кезеңде *педагогикалық технология* – оқытушының практикалық қызметінде жүзеге асатын педагогикалық жүйенің логикалық негізделген жобасы(моделі). Бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеген еніп, нәтижелер беруде» [26, б.96].

Педагогикалық технологиялар – «оқушылар мен ұстаздардың субъект-субъектілі қарым-қатынастарына негізделген, олардың өз-өздерін өзектендіруге, өз-өздерін дамытуға бағытталған, диагностикалық қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі тиімді әдістер мен құралдар жиынтығының үйлесімді қызметі» [26, б.101].

Оқыту әдістемесі тәрбиелеу мен оқытудың әртүрлі әдістерін қамтиды, бірақ оларды белгілі бір логикалық тізбек ретінде құрылымдамайды. Ал *технология* болса әрқашан тәсілдердің белгілі бір алгоритмін, логикасын, бірізділігін ұсынып, содан күтілетін нәтижені болжай алады.

Осыдан келіп, *педагогикалық технология* мен *оқыту технологиясын* салыстыратын болсақ, педагогикалық технологияның мазмұны кеңірек екенін айқындаймыз. Себебі, *оқыту технологиясы* тек оқыту үдерісіне бағытталатын болса, педагогикалық технология *оқыту, тәрбиелеу, оқушыны әлеуметтендіру, оны тұлға ретінде қалыптастыру* мәселелерін толығымен қамтиды.

Педагогикалық технологиялардың түрлері және сипаттамалары:

1. Тұлғалық-бағдарлық білім беру технологиялары;
2. Ұжымдық-танымдық іс-әрекет технологиялары (*коллаборация немесе ынтымақтастық оқыту*);
3. Проблемалық оқыту технологиясы;

4. Жобалау технологиясы;
5. Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік технологиялары;
6. Оқушылардың сыни-тұрғыдан ойлауын дамыту технологиясы;
7. Оқытудың белгі-контекстік технологиясы, т.б. [26, б.106].

Қазақстанның білім беру жүйесінде жаңа технология арқылы оқыту мәселесі Ж.Кәбдіқова, Қ. Қабдықайыров, Г.Құсайнов, Б. Тұрғынбаева, М. Мәлібекова, Б. Барсай, К.Жақсылықова, Қ. Қадашева, Р. Шаханова сияқты ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылады. Оқушылардың шығармашылық қабілетін, ұшқыр қиялын дамытуға бағытталған деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы еліміздің оқыту саласында кеңінен қолданылады [27, б.55]. Бұл технологияға қатысты мәселелерді алғаш зерттеген ғалым – Ж.Қараев. Ж.Қараев В. Беспальконың ұсынған оқушының оқу материалын меңгеру деңгейлерін дамыта отырып, деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының оқу жүйесіндегі теориялық және практикалық маңыздылығын айқындады.

Оқу үрдісі барысында Д.Б. Эльконин, В.В. Давдовтардың «Дамыта оқыту», Н.П. Гузиктің, Ж.Қараевтің, Г.Еркибаевалардың «Деңгейлеп саралау» технологиясы, М.М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту» технологиясы, Джордж Соростың ашық қоғам институты «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген «сын тұрғысынан ойлауды, оқу және жазу арқылы дамыту» (С.Мирсейітова) технологиясы, «Ынтымақтастықта оқыту» технологиясы, В.Беспалько, М.Кларин, И.Лернер, В.Оконь, Н.Талызинаның «Бағдарламалап оқыту мәселесі», «Дидактикалық бірліктердің ірілендірілуі» (П.Эрдниев), «Іс-әрекетті бағалау» (Ш.Амоношвили, И.Волков), т.б. технологиялардың тәжірибелік қолданысы тиімді нәтижелерге жеткізіп келеді.

Жаңа педагогикалық технологиялардың тиімділігі және дәстүрлі оқытудан айырмашылығы да мынада:

- оқытушының еңбек өнімділігі артады;
- әр оқушының деңгейіне сай жұмыс жасалады;
- оқушының еңбегі объективті түрде бағаланады;
- пәнге қызығушылығы артады;
- оқушының ойлау, жады, зейін тұлғалық қасиеттерін дамытады».

Заманауи оқыту технологиялардың бірі – деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы. Ол тілді үйретуде дүниежүзілік тиімді әдістемелердің жетістігіне сүйенеді. Деңгейлеп оқытудың басты ерекшелігі: оқу үдерісін топтап, жіктеп бөліп, әр деңгейдің өзінің лексика-грамматикалық минимумын белгілейді. Яғни, қарапайымнан күрделіге қарай жүру ұстанымы. Бұл ұстанымның мақсатына жету үшін оқулықтардағы жеңіл—желпі тапсырмалардан бастап, баланың тапқырлығын, зерделілігін дамытатын шығармашылық тапсырмаларды орындау үлкен нәтиже береді.

Деңгейлеп оқыту технологиясы оқушының жеке мүмкіндігіне бағытталған. Ғалымдар Л.Выготский, В.Давыдов, Д.Эльконин, т.б. аталған технологияны түбегейлі зерттеп, оқыту мен даму арасындағы тәжірибеде көптеген тиімділікке жеткен [27, б.55].

Деңгейлеп оқыту идеясының авторы Н.П. Гузик сыныптағы оқушыларды да, соған сәйкес оқу бағдарламаларын да А, В, С – үш деңгейге бөліп көрсетеді.

«А» – бағдарламасындағы тапсырмалар базалық стандарт түрінде белгіленеді. Оларды орындай отырып оқушы пән бойынша қайталау деңгейінде нақты материалды меңгеріп шығады. Материалды алғаш меңгеру жұмыстарының бұл деңгейінің өзіндік ерекшеліктері бар. Өйткені ол материалдың сан рет қайталануын, мағыналық топтарды бөлу, негізгі ойды табу дағдысын, есте сақтау тәсілдерін үйренуді, т.б. іс-әрекетті талап етеді.

«В» – бағдарламасын орындамас бұрын «А» деңгейіндегі тапсырмаларды әрбір оқушы орындауға міндетті. «В» - бағдарламасындағы тапсырмаларды орындау - оқушылардың оқу, ой-әрекетінің арнайы тәсілдерін меңгеруін қамтамасыз етеді. Сондықтан бұл бағдарламаға бірінші деңгейдегі материалды кеңейтетін, негізгі білімді дәлелдейтін, суреттейтін, нақтылайтын ұғымның қолданылуы мен жұмыс істейтін көрсететін қосымша мәліметтер енгізіледі. Бұл деңгей мәліметтер көлемін кеңейтіп, негізгі материалды терең түсінуге көмектеседі.

«С»–бағдарламасының орындалуы оқушыларды алған білімді шығармашылықпен байланыстыратын деңгейге көтереді. Бұл бағдарлама оқу жұмысы мен ой-әрекетінің тәсілдерін және деректі оқу материалын еркін игеруді көздейді. Өз білімімен мәселелер шешуде оқушыға оның логикалық ойлауын дамытатын мәліметтер беріп, оны шығармашылықпен қолдану перспективасын ашады. Оқушыға өзін қосымша жобалар жасауда көрсетуге мүмкіндік береді». Демек,

«А» – бағдарламасы оқытудың міндетті нәтижесіне сәйкес келеді.

«В»–бағдарламасы оқулықтан қосымша тапсырмалар мен жаттығулардың берілуін талап етсе,

«С»–бағдарламасы қосымша оқу-әдістемелік әдебиеттерден алынған тапсырмалардан тұрады.

Әр пәндегі оқу бағдарламасын таңдау оқушының өзімен ойласа отырып жүргізіледі. Әрбір тақырып бойынша өткізілетін сабақтар кезектесіп келетін 5 типтен тұрады.

1-тип – тақырыпты жалпы талдау сабақтары (оларды теориялық білім не лекциялар деп атайды);

2-тип – қиыстырылған практикалық сабақтарда оқушылардың өзіндік жұмысының процесінде оқу материалдарының тереңдей талдануы. Мұндай сабақтар бірнеше рет (3-5-ке дейін) өткізіледі.

3-тип – қорытындылау және білімді жүйелеу сабақтары.

4-тип–материалды пәнаралық қорытындылау сабақтары (оларды тақырыпты қорғау сабақтары деп те атаса болады.

5-тип – практикум сабақтар [28,б. 31].

Оқушылардың біліміндегі ақаулықтарды жою үшін олармен сыныптан тыс өздік жұмыстарын беруге тура келеді. Қазақ тілінде де басқа пәндердегідей деңгейлік бағдарламаны таңдау оқушының өзіне ұсынылады. Осылайша ортақ

базалық білім минимумы қамтамасыз етілуімен қатар әр оқушының шығармашылық дамуына жол ашылады.

Білімді бақылау кезінде деңгейлеу тереңдей түсіп, әрбір оқушының жетістігі есепке алынады. Яғни, білім беру сатылары: түсіндіру, бекіту, тексеру, т.б.

9-кесте. Деңгейлерді түсіну кезеңдері

<i>Кезеңдер</i>	<i>Мұғалімнің іс-әрекеті</i>	<i>Оқушының іс-әрекеті</i>
Диагностикалық кезең	Оқушылардың білім деңгейін диагностикалау	Мұғаліммен бірлесе отырып оқу деңгейін таңдау
Оқушыларды топқа бөлу	Әр деңгей үшін оқу мазмұны мен қойылатын нақты талаптарды айқындау	Топтардағы оқыту талаптарының жобасын талқылауға қатысу
Оқушыларды топқа бөлу	Әр деңгей үшін оқу мазмұны мен қойылатын нақты талаптарды айқындау	Топтардағы оқыту талаптарының жобасын талқылауға қатысу
Оқытуды іске асыру	Мұғалімнің материалды оқу топтарына беруі	Өзінің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруы
Білімді меңгерту нәтижесін бағалау	Атқарылған жұмыстар нәтижесі бойынша оқушыларды бағалау (кері байланыс)	Нәтижелері бойынша өзара және өзін-өзі бағалауы

Деңгейлеп оқыту – туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуын жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі. Деңгейлеп оқыту оқытылатын ақпараттың азаюы арқылы емес, оқушыға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асырылады. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне назар аударылады.

Ғалым «П. Беспалько оқушының оқу материалын меңгеру деңгейлерін талдай отырып оның өлшеу критерийлерін анықтайды. Ғалым оқушылардың әр деңгейде меңгеретін ерекшеліктерін көрсетеді».

10-кесте. Деңгейлеп-саралап оқытудың ерекшеліктері

<i>Оқушылық деңгей</i>	«Берілген тапсырманың құрылымын айқындай отырып, оны орындау үшін өздеріне берілген мәліметті қайтадан қабылдау.»
<i>Алгоритімдік деңгей</i>	«Бар білімдерін қолдана отырып, жаңа тапсырмаларды орындайды.»
<i>Ізденімдік деңгей</i>	«Мақсаты ғана көрсетіліп, жаңа материалды өз бетімен толықтырып, іздеп, өз бетімен меңгереді.»

<i>Шығармашылық деңгей</i>	«Берілетін тапсырманың мақсаты көрсетіліп, оны ары қарай жетілдіріп орындау оқушыдан талап етіледі. Оқушы шығармашылық деңгейде алдына қойған мақсатына жету үшін өз бетінше іздене отырып, ой, қиялын дамытады.»
----------------------------	---

Ж. Қараев бойынша: «Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасайды. Әртүрлі категориядағы оларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Осындай іс-әрекеттер арқылы оқушылар оқу материалдарын әртүрлі деңгейде қабылдайды. Сол үшін оқушының біліміне қарай тапсырмаларды деңгейге бөліп береді [28, б. 23].

I деңгей тапсырмалары:

1. Жаттап алуға лайықталған тапсырмалар.
2. Алдыңғы сабақтағы тақырыпта меңгерген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс.
3. Тапсырмалар өмірмен байланысты болуы керек.

II деңгей тапсырмалары: өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Бұл өзгертілген жағдайдағы тапсырмалар, яғни бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімді түрлендіріп пайдаланылуы қажет. Оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілген тапсырмаларды ұлттық ерекшеліктеріміз ескеріліп, танымдық, үйретімділік маңызы болуы керек. Бұлар ребустар, сөзжұмбақтар, Венн диаграммасы, т.б.

III деңгей тапсырмалары: танымдық – іздену түріндегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерінен заңдылықтар шығарады, анықтамалар, жаңа сөздерді жаттау тағы басқалар жетілдіріліп, тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс.

Мұндай жұмыс анализ бен синтез және салыстыру арқылы негізін қаласа, қорытындылау сияқты ой жұмыстарын қажет етеді:

-өмірден алынған мәліметтер негізінде креативті диаграмма, анализ сараптамалар жасауы;

- жергілікті жағдайдың тілдік элементтерін анықтау;
- ой қорытуға арналған дағды қалыптастыратын тапсырмалар.

IV деңгей тапсырмалары: шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар. Оқушының дүниетанымы мен жеке басының икемділігін байқататын жұмыстар жасап шығаруға негізделген. Олар:

- олимпиадалық жұмыстар;
- берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, баяндамалар дайындау, эссе, мақала, өлең жазу.

Бұлар оқушының біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болып табылады. [28, б.24].

Г.Ғ. Еркибаеваның деңгейлеп оқыту технологиясы жоғарыда аталған ғалымдардан ерекшеленеді. Ол тапсырмаларды 3 деңгейге бөліп қарастырады (мектеп деңгейінде).

1-топқа: «4-5»- ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар береді.

2-топқа: «3-4»- ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға іздену түріндегі тапсырмалар дайындаса,

3-топқа: «2-3»- ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға стандартқа сай тапсырмалар береді: сыныптағы барлық оқушылар орындай алуы қажет.

Сабақ барысында қандай оқушы болмасын I деңгей тапсырмасын орындайды, әрбір оқушы I деңгей тапсырмасын орындауға міндетті және одан жоғары деңгейдің тапсырмаларын орындауға құқылы.

Деңгейлеп – саралап оқытудың тағы басты ерекшелігі, оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың шығармашылық бейімділіктері мен икемділіктерін дамытуы. Жеке тұлғаның қалыптасып, ой- өрісінің дамуы, белсенділігін, білім алу қажеттілігі, оны өмірде іс-тәжірибеде қолдану, шығармашылық міндеттерді ойдағыдай шешудің негізгі құралдарының бірі – оқушылардың өзіндік жұмысы болып табылады.

Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі тиісі. Тәрбиесіз берілетін білім – адамзаттың қас жауы, - деп Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай, деңгейлеп – саралап оқытудың және бір бағыты – тәрбиелік»[29, б.1-2].

Бұл технология қазіргі қазақ тілі пәнін оқытудағы тиімді әдіс болып саналады. Оқушылар түрлі тараулар мен тақырыптар бойынша дайындалған тірек кестелерімен, басқа де ізденімпаздылық, шығармашылық бағытта орындалатын жұмыс түрлерімен өздерінің іскерлік дағдыларын қалыптастыра алады. Қазақ тілі, тіл біліміне кіріспе пәндері бойынша шығармашылық жұмыс түрлерін көбірек ұсыну, барлық сыныпқа дерлік лайық ойын түрлерін беру, оны практикалық тұрғыда қолдана білуге үйрету жұмыстары өз нәтижесін беріп келеді.

Әсіресе, оқу сабақтарында деңгейлеп оқыту технологиялары бойынша ұйымдастырылған ойын түрлерін сөйлесу бөлімінде шебер ұйымдастыра білу оқушыларды шығармашылыққа, ізденімпаздыққа жетелейді.

Деңгейлеп оқыту технологиясы оқушылардың білім деңгейіне қарай тапсырмалар орындау барысында, білім сапасы артады, қазақ тілі сабақтарына қызығушылығы артады. Жаңа технологиядағы ойландыру түрткілерге оқушылар белсене жауап іздеп, оны да нақты, дәлелді, қысқа де, нұсқа жауап алға оқушылар әдеттенеді.

Профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігі аса назарда болады.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жоғарыда атап өткендей жұмыс міндетті үш деңгейден және қосымша шығармашылық деңгейден тұрады. Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау.

Сонымен, деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы:

- оқушының өз қабілетіне, болашағына сенуіне;
- оқушыны ынталандыруға;
- оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастық қарым-қатынас достығына;
- оқушының өз білімін өзі бағалай білуіне;
- баға әділдігіне;
- білім көрсетудің әділ сайысына мүмкіндік береді.

Деңгейлеп-саралап оқытудың басты сипаты – мақсатты нәтиже. Қоғам талабы да – нәтижелі оқушы даярлауда болып отыр.

Ж.Қараевтың ұстанымы деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының 4 түрін ажыратады:

1. *Репродуктивті деңгей* – жалпыға бірдей стандартты білім негізінде тапсырма беріледі. Мұндай тапсырмалар оқушының алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқушыға байланысты.

2. *Алгоритмдік деңгей* – мұнда оқушы мұғалімнің нұсқауымен қабылдаған ақпаратты пайдалана отырып орындайды.

3. *Эвристикалық деңгей* – оқушы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді қолдана отырып жауап береді.

4. *Шығармашылық деңгей* – оқушының таза өзіндік шығармашылығын байқатады. Жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгереді [29,б. 105].

Деңгейлеп-саралап оқыту әр оқушының белсенділігін оятады.

Осы тұрғыдан қарағанда «*үлгерімі төмен, баяу*» оқушы жақсы оқитын оқушыға ілесе алмай жатса не істеуге болады? – деген сұрақ туындайды. I деңгейден аса алмай жатқан жағдайда қалған тапсырмаларын үйде орындауға беру керек. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы – оқушылардың дүниежүзілік білім жүйесінде қолданылатын рейтинг – ұпай жинау әдісіне баулу.

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – қазіргі заманғы педагогикалық технология негіздері. Сонымен бірге өскелең ұрпақтың ақпарат құралдарымен жұмыстана білуіне назар аударған дұрыс.

Оқушы қызметін белсендіру негізінде педагогикалық технологиялардың бірі - деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының элементтерін қолдану білім сапасын көтеруге ықпал етеді.

Деңгейлеп тапсырмалар рейтинг ұпай – балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне талдау жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді.

Осылайша оқушы келесі тапсырмаларда неғұрлым ұпайды көбірек жинау үшін ізденіп, мұғалімнен, сыныптастарынан қосымша ақпараттар жинай бастайды.

Деңгейлік тапсырмаларды дұрыс орындағаны үшін оқушылар сол деңгейді игергені үшін сәйкес ұпай алады:

Бірінші деңгей үшін – 5 ұпай

Екінші деңгей үшін – 15 ұпай

Үшінші деңгей үшін – 30 ұпай.

Ең жоғары деңгейдегі шығармашылықты қажет ететін тапсырмаларды дарынды да, еңбекқор оқушы орындай алады.

Деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы көбірек ұпай жинап көтеріңкі баға алуға мүмкіндік беріледі және дамыта оқыту принципі орындалады. Нәтижесінде оқушылардың табиғи қабілеттері мен дарында қасиеттерінің ашылуына жақсы жағдай жасалады. Сонымен қорыта айтсақ, оқытудағы саралау әдісінің әдістемелік негіздері мен артықшылықтары:

-оқушының оқу материалын қарапайымнан күрделіге қарай жүйелеу;

-алынған нәтижені өлшей алу;

-оқу үдерісінің жарыс түрінде ұйымдастырылуы;

-бағалаудың жетелеушілік қасиеті;

-дамыта оқытудың әдісі.

Қазақ тілін оқушыларға үйретуде Ж.А. Қараевтың «Деңгейлеп-саралап оқыту» технологиясынан мына ұстанымдарды таңдап алуға болады:

-оқушылардың жаңа сабақты өздігінен меңгеруіне көмектесуді;

-өз ойларын және көзқарастарын жеткізе сөйлеуге үйретуді;

-өз беттерімен мәселелерді шеше отырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулуды;

- өткен материалмен өзара салыстыра отырып, жаңа материалдардың ерекшеліктерін ажырата алуды;

- сөйлемдерді дұрыс құрай алуға машықтандыруды;

- тапсырманың мазмұны арқылы оқушыға проблемалық ситуация туғыза алуды үйрету керек.

Әр деңгейде орындалатын тапсырмаларға байланысты қойылған талаптардың бір-бірінен айырмашылығы бар. Бірінші деңгей мен екінші деңгейде орындалатын тапсырмалар бір-біріне ұқсамайды. Бірінші деңгейдегі тапсырмалар жеңіл, қарапайым түрде ұйымдастырылып отырады.» Деңгейден деңгейге көшен сайын тапсырмаларға қойылатын талаптар да артып, күшейіп отырады.

1. Үйренушілік деңгейде орындалатын тапсырмалар:

- Мұғалім түсіндірген білімді оқушының қайталап бере алатындай болуы керек;

- Оқушыны жаңадан меңгерген білімін кез келген жағдайда тани алуға дағдыландыратын болу қажет.

- Жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындауға көмек бере алуы тиіс.

2. Алгоритімдік деңгейде орындалатын тапсырмалар:

- Өткен материалдармен өзара салыстыра отырып, жаңа материалдың ерекшеліктерін ажырата алуға негізделген болуы керек.

- Сөйлемді дұрыс құрай алуға машықтандыратын болуы қажет.

- Тапсырмада берілген ойды жалғастыратындай болу керек.

3. Эвристикалық деңгейде орындалатын тапсырмалар:

- Оқушыны іздендіре отырып, нәтижесін де өзіне жаңа білім алуын қамтамасыз ететін болуы керек.

- Оқушыны қосымша әдебиетпен, түрлі сөздіктермен жұмыс жүргізуіне бағыттайтын болуы қажет.

- Оқушының ойлау қабілетін жетілдіретін тапсырма болуы тиіс.

4. Шығармашылық деңгейде орындалатын тапсырмалар(ең жоғарғы сатысы):

- Белгілі бір шығармашылық жұмысқа бейімдейтін болуы керек.

- Ғылыми көзқарасын қалыптастыруға арналған болуы қажет (реферат, рецензия, баяндама, өз ойын, пікірін қосатын тапсырмалар, т.б.)[30,б. 85].

- Тапсырманың мазмұны арқылы оқушыға проблемалық ситуация туғызып, баланың шығармашылық ойлауын дамытатын болуы тиіс.

Осылайша жұмыстар орындалу кезінде оқушыға барынша жағдай жасап, сыныпта еркін болуын қамтамасыз ету керек. Нәтижесінде, үлгерімі нашар оқушылар да, кем дегенде, «үйренушілік» деңгейге сәйкес білімді толық меңгеріп алады. Себебі, ол осы деңгейдің тапсырмаларын толық және дұрыс орындап, мұғалімге өткізбегенінше келесі деңгейге көшпейді. «Аталған технологияның принциптері жағдайында өздігінен даму бағдары анықталып, дамитын және өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға болады».

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясымен оқушылардың орындаған тапсырмалары олардың оқудағы жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға көмек береді.

Жалпы, *деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының оқушыларға тиімділігі мынадай:* топ оқушыларының барлығы деңгейлік тапсырма орындауы.

- білім көрсеткішінің нақты және сапалы болуы;

- оқушының өз білімін өзі бағалап, білім деңгейін дамыта алуы;

- оқушылардың оқуға ынтасы мен мамандығына деген

қызығушылығының артуы;

- оқушының іздену дағдысының, ұстамдылығының қалыптасуы;

- оқушы белсенділігінің оянуы;

- алға қойған мақсатына жетуге дағдылануы, қиындықтарды жеңуге

ұмтылуы;

- оқушының өздігінен жұмыс істеуі мен жауапкершілігінің артуы.

Осындай талаптарға сәйкес құрылған өз бетімен деңгейлік тапсырмаларды сатысы бойынша оқушының қазақ тілі сабағында өзіндік шығармашылық қабілеті дамиды.

Жаңа технологияларды қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге болады.

11-кесте. Жаңа технология қолданудағы оқушы нәтижесі

1.	оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шыңдайды;
2.	жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады;
3.	өздігінен ізденімпаздылық қабілеті артады;
4.	тілдік сауаттылығы мен тілдік мәдениеті қалыптасады.

Сонымен, саралап, деңгейлеп оқыту технологиясының принциптері – оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында, өздігімен даму бағдарын анықтап, дамитын және өздігімен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға болады.

Мысал-1:

Деңгейлік тапсырмалар (5-сынып «Атамұра» баспасы бойынша оқулықпен сәйкестендірілген)

I деңгей.

1. *Ауыспалы мағыналы сөздердің қатарын жалғастырыңыз.*

Үлгі: *үйдің кілті – жүректің кілті, адамның құлағы – қазанның құлағы.*

Сөз: *терең, қатты, қара, жұмсақ*

2. *Мына сөйлемдерде ыстық, ауыр сөздер қандай мағынада қолданылған?*

Марат ауыр жүк көтерді. _____

Ол-сыныбымыздағы мінезі ауыр баланың бірі. _____

Дастарқанға ыстық тамақ та келді. _____

Қуаныштан оның бойын ыстық сезім биледі. _____

II деңгей

1. *Мәтіннен мәтіннен ауыспалы мағыналы сөздерді тауып жаз.*

«Үлкенді-кішілі үйлердің терезелері де жарық. Үлкен де, кіші де қуанышты. Бауыржан – құлағы түрік, шапшаң бала. Қаламқас – жер қозғалса қозғалмайтын, мінезі ауыр қыз.

Қаламқас диктантты жай жазады. – Мен жылдам айтып жатырмын ба? Бәріне жұрт кіріп-шығып жатыр».

2. *Кестеде көрсетілген сөздердің тура мағынасын жаз.*

12-кесте. Сөздің тура мағынасын тауып жазыңыз

<i>Ауыспалы мағына</i>	<i>Тура мағына</i>
«Тәтті ұйқы, тәтті қиял»	Тәтті....
«Ашық мінез, ашық әңгіме»	Ашық.....

«Иненің көзі, бұлақтың көзі»	Көз
«Өткір ой, өткір мінез»	Өткір
Жылы сөз, жылы жүз	Жылы

III деңгей.

Шығармашылық тапсырмалар

Бет, құлақ, кілт, қабырға, дүние, өту, келу, ақ, терең сөздерінің тура және ауыспалы мағыналарын тауып, басқа сөздермен байланысқа түсіріп, тіркес құра.

Бағалау критерийлері:

1. тура және ауыспалы мағына туралы түсінік алады.
2. тіркес құра алады.

Дескриптор:

- сөздің тура және ауыспалы мағынасын ажырата алады.
- сөздің ауыспалы мағынасының жасалу жолдарын анықтай алады.

Сонымен, аталған бөлімде педагогикадағы деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік сипаттамасына жан-жақты тоқталдық. Осы мәселеде зерттеу жүргізген бірқатар ғалымдардың еңбектеріне жолу жасадық. Әсіресе, Беспалько мен Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының негізгі мәселелері талқыланды. Осылайша, диссертациялық зерттеу жұмысымызда негізгі міндеттерге қол жеткізу үшін авторлар ұсынған әдістемені тәжірибе жүзінде қолданып көру идеясы туындады.

2.2 Сөздің ауыспалы мағынасын оқытудағы деңгейлеп-саралап оқытудың әдіс-тәсілдері

Диссертациялық зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты - 5-9 сыныптардағы қазақ тілі сабақтарында ауыспалы мағыналы сөздермен жұмыс істеудің теориялық негізделген және тәжірибе жүзінде тексерілген әдістемесін жасау. Әдістеменің бастапқы негізі ретінде ауыспалы мағыналы сөздермен және олардың функцияларымен жұмыс жасау арқылы оқушылардың мәтіндегі көркемдік экспрессивтіліктің құралы ретінде бейнелі мағынасы бар сөздер туралы білімді игеру процесін, сондай-ақ ауыспалы мағынада қолданылатын сөздерді толық қабылдау мен түсінуді қамтамасыз ету үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру процесін түсінеміз.

Әдіс – мұғалім мен оқушының білім, білік, дағдыны меңгеруіне қол жеткізілетін жұмыс тәсілі; оқушылардың дүниетанымы қалыптасады, қабілеттері дамиды.


Оқыту әдістерінің классификациясы олардың белгілі бір белгі бойынша реттелген жүйесі болып табылады. Қазіргі уақытта оқыту әдістерінің ондаған классификациялары белгілі. Дегенмен, әдістердің біртұтас және өзгермейтін номенклатурасын құруға ұмтылуға болмайды. Оқыту – өте мобильді, диалектикалық процесс. Әдістерді қолдану тәжірибесінде үнемі болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, осы ұтқырлықты көрсету үшін әдістер жүйесі

динамикалық болуы керек. Төменде диссертациялық жұмыс аясында бірқатар әдіс-тәсілдерді ұсындық.

Бірақ олардың әрқайсысының дидактикалық тұрғыдан орындайтын мақсаты мен міндеттері болады да, тапсырма түрлері соған байланысты анықталады.

Сөздің ауыспалы мағынасына байланысты құрастырылған әдіс-тәсілдерді төмендегідей топтастыруға болады.

1. Білімдік
2. Проблемалық
3. Пәнаралық
4. Шешендік
5. Танымдық
6. Интеллектуалдық [31, б.47].



6-сызба. Мақсат-міндеттеріне байланысты әдістердің топтастырылуы

Деңгейлеп оқытудың ерекшелігі – оқушылардың сабақ барысында бірнеше жұмыс жасай алатындығында, сонымен бірге қазіргі жаңа технологиямен оқыту барысында компьютерлер мен оларды басқарушы алгоритмдер біздің қоғамымыздың маңызды бөлігіне айналды.

Мақсаты жүзеге асыру барысында деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының мүмкіндіктері:

1. Деңгейлеп оқыту әр оқытушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға;
2. Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге;
3. Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей

1) *репродуктивтік деңгей* – жалпыға бірдей стандартты білім негізінде тапсырма беріледі. 1-деңгейдегі тапсырмаларын орындау барысында «танып-білу» және үлгі бойынша «қолдану» арқылы орындалады.

2) *алгоритмдік деңгей* – мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған

ақпаратты пайдалана отырып орындайды.

3) *эвристикалық деңгей* – оқушы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді қолдана отырып жауап береді. Яғни тапсырмалар талдау, жинақтау, қорыту бағытында беріледі.

4) *шығармашылық деңгей* – оқушының таза өзіндік шығармашылығын байқатады. Жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгереді [32, б.23].

Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдердің әрқайсысы саралап-деңгейлеп оқыту технологиясы бойынша 4 деңгейдің барлығымен тығыз байланысып отырады.

Әр деңгейде орындалатын тапсырмаларға байланысты қойылған талаптардың бір-бірінен айырмашылығы бар. Бірінші деңгей мен екінші деңгейде орындалатын тапсырмалар бірін бірі қайталамайды. Бірінші деңгейдегі тапсырмалар жеңіл, қарапайым түрде ұйымдастырылады.

Деңгейден деңгейге көшкен сайын тапсырмаларға қойылатын талаптар да артып, күшейіп отырады.

Репродуктивтік деңгейде орындалатын тапсырмаларға қойылатын талаптар

Мұғалім түсіндірген білімді оқушының қайталап бере алатынындай болуы керек	Оқушыны жаңадан меңгерілген білімін кез келген жағдайда тани алуға дағдыландыратын болу керек	Жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындауға көмек бере алуы тиіс
--	---	--

Алгоритмдік деңгейде орындалатын тапсырмаларға қойылатын талаптар

Өткен материалмен өзара салыстыра отырып, жаңа материалдың ерекшеліктерін ажырата алуға негізделген болуы	Тапсырмада тақырыптардың желісі үзілмей өзара байланысып, бірін-бірі толықтырып отыруы тиіс	Тапсырмада берілетін ойды жалғастыратындай қабілетті ашуға бағытталуы керек
---	---	---

Эвристикалық деңгейде орындалатын тапсырмаларға қойылатын талаптар

Оқушыны іздендіре отырып, нәтижесінде жаңа материалдың ерекшеліктерін ажырата алуға негізделген	Оқушыны қосымша әдебиетпен, түрлі сөздіктермен жұмыс жүргізуіне бағыттайды	Оқушының ойлау қабілетін жетілдіреді
---	--	--------------------------------------

Шығармашылық деңгейде орындалатын тапсырмаларға қойылатын талаптар

Белгілі бір шығармашылық жұмысқа бейімдейді (сурет, шығарма, эссе, өлең жазу)	Ғылыми көзқарасын қалыптастыруға арналған (реферат, рецензия, баяндама, өз ойын қосатын тапсырмалар)	Тапсырманың мазмұны арқылы оқушыға проблемалық ситуация туғызып, баланың шығармашылық ойлауын дамыды
---	--	--

Сөздің ауыспалы мағынасын оқытуда деңгейлік тапсырмаларды сабақта дұрыс қолданудың жолдарын белгілеу үшін төмендегідей ұтымды әдістер іріктеліп алынды:

1. Сұрақ – жауап әдісі
2. Диктант әдісі
3. Ойын әдісі
4. Кластерлер әдісі

«Сұрақ – жауап әдісі»

«Сұрақ-жауап әдісі [33, б.233]. педагогикалық зерттеулер тәжірибесінде кеңінен таралып келеді. Сұрақ-жауап тікелей немесе екінші тұлғаның қатысуымен жүргізілуі мүмкін. Сонымен қатар, топтық және жеке, көзбе- көз және сырттай, ауызша және жазбаша сұрақ-жауап болып ажыратылады.

Сұрақ-жауап әдісі оқушылардың теориялық білімін бекітуге, жаңадан игерген білімдерін қаншалықты дәрежеде меңгергендерін бақылауға, тез шешім қабылдауға септігін тигізеді.

«Ауыспалы мағына» тақырыбын саралап – деңгейлеп оқытуда сұрақ-жауап әдісі негізгі 3 тәсіл арқылы меңгертіледі.

1. “Ыстық орындық” жаттығуы. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам *ия* немесе *жоқ* деп жауап беру керек, себебі, орындық ыстық».
2. Тесттік тапсырмаларға негізделген «Өзіңізді тексеріңіз» әдісі.
3. Оқушыларды ойландыруға арналған «Серпілген сауал» әдісі

Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында сұрақтарды лақтырыңыз.

Мысалы, “Самат Рахаттың жауабы туралы сен не ойлайсың?” “Самал, Айгүлдің жауабын барынша кеңейту үшін оны қалай дамытуға болады?” “Қанат, естігеннің барлығын бір жауапқа қалай біріктіруге болады?”

«Өзіңізді тексеріңіз» тесті

1. *Биік* сөзінің тура мағынада қолданғанын белгілеңіз.
 - A) Биік сезім.
 - B) Биік тау.
 - C) Биік ой.
 - D) Биік тұлға.
 - E) Биік сөз.
2. Ауыспалы мағынада қолданылған сөзді көрсетіңіз.

Ниетің қисық болса, ағайынға өкпелеме.

 - A) Ниетің.
 - B) Қисық.
 - C) Болса.
 - D) Ағайынға.
 - E) Өкпелеме.

3. Ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөзі бар сөйлемді анықтаңыз.
- A) Тұмау аяғы – құрт, тұман аяғы – жұт.
 - B) Самат аяғын ауыртып алды.
 - C) Ол науқасынан айығып кетті.
 - D) Жел күшейе түсті.
 - E) Ол аяғын созып жатыр.
4. Ауыспалы мағынада тұрған сөзді көрсетіңіз.
- Бұлақтың көзін ашу – игі іс.
- A) Бұлақтың.
 - B) Көзін.
 - C) Ашу.
 - D) Игі.
 - E) Іс.
5. Сөздің тура мағынасын табыңыз.
- A) Сүт таңертең ұйып қалды.
 - B) Оң қолым ұйып қалды.
 - C) Әңгіме ұйып тыңдалды.
 - D) Олар сүттей ұйып отыр.
 - E) Сүттей ұйыған жанұя.
6. Сөздің ауыспалы мағынасын табыңыз.
- A) Қарындашын ұштау.
 - B) Найзаны ұштау.
 - C) Қайланы ұштау.
 - D) Шеберлікті ұштау.
 - E) Таяқты ұштау.

Сұрақ-жауап әдісінің тапсырмалары оқушыларға wordwall бағдарламасында ұсынылды.

WORDWALL-дидактикалық ойын үлгілерінің керемет жиынтығы. Бұл үлгілерге педагогикалық практикада жиі кездесетін таныс дидактикалық ойындар кіреді. Оқу тапсырмасын жасау үшін сіз үлгіні тандап, содан кейін мазмұнды енгізесіз

Жалпы, Wordwall ұсынатын әртүрлі үлгілер жинағы мұғалімге педагогикалық шығармашылыққа, сонымен бірге қашықтан өтетін сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуге сарқылмас қайнар көз беретінін атап өткім келеді.

5-сынып бағдарламасында лексика материалына 10 сағат берілген. Оқушылар осы берілген сағат көлемінде сөздің лексикалық мәнін, оның ішінде сөздің тура және ауыспалы мағынасын, оның тілімізде қолданылу орнын, қызметін түсіндіру міндеттеледі. Ол үшін сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасын ашып, сөздердің өзара мағыналық байланыс жүйесін түсіндіру, сөйтіп, олардың сөз байлығын арттырады; сөздің тілдегі өзіндік өзгешелігін, яғни дыбыстық жағын, затты, сапаны, қимылды т.б. мағынаны аңғартатынын түсіндіру 5-сынып оқушылары лексика тақырыбын өту барысында сөздің ауыспалы мағынасынан хабардар болуымен қатар,

олардың көркем әдебиетте қолданылуымен танысып, өз беттерімен оларды мәтіннен табуға дағдыланады.

5-сыныпта оқушыларын оқыту барысында қазақ тілімен бірлестікте сөздің тура және ауыспалы мағынасын меңгертуде диктант әдісі де өте тиімді тәсіл болып табылады.

«Диктант әдісі»

Түсіндірме диктант – репродуктивтік деңгейде орындалатын жаттығу.

«Ол мұғалімнің айтуымен жазылып, соңынан түсіндіріледі. Диктанттың бұл түріне тақтаны да пайдалануға болады. Тақтаға шыққан оқушы жазып болғаннан кейін, мұғалім тапсырманың орындалуын бүкіл сыныпты қатыстыра отырып тексереді» [33, б.234].

Тапсырма. Төмендегі берілген ауыспалы мағынада тұрған сөздердің мағынасын ажыратыңыз.

1. Домбыраның құлағында ойнайды
2. Дана кісі асықпай, терең ойланады
3. Ағаның суық жүзінен барлығы қорқатын
4. Менің апамның мінезі сондай жұмсақ еді
5. Бұлақ көрсең көзің аш

Терме диктант – екінші, яғни алгоритмдік деңгейдің тапсырмасы.

Оқушыларға белгілі бір мәтін ұсынылып, соның ішінен я фонетикалық, я лексикалық немесе грамматикалық тапсырмаларға сай сөздерді теріп жазуға тапсырма беріледі.

Тапсырма. Мәтіннен ауыспалы мағынадағы сөз болатын сөздерді теріп жазып, мағынасын түсіндіріңдер. Мысал келтіріңдер

Қыз бен дария

«Долы жел әрі арғы беттен еді. Ерке толқындар жағаға бұрынғыша шылп - шылп соғып жатты. Қыз бұрқырап аққан дарияның желді күнгі күйін тыңдады. Ол дария жағасында талай рет болған. Бірақ, дәл қазіргідей зер салып тындамапты.

Дария бұған белгісіз үнмен тіл қатып жатқандай. Оның, не деп жатқанын да түсінді. Көңіліне жақын беймаза салқын үнмен дарияның өзін сағынғанын, өзінің дарияны сағынғанын сезді. Арғы беттен соққан жиде гүлінің тәтті иісі келді. Өзін рахат сезімге бөлеген жұпар ауаны Сарықыз құмарта жұтып, мейірі қанғанша иіскеді. «Ендігі бір келгенде Балабекті ерте келермін», - деп ойлады ішінен».

Қыз тәтті қиял құшағында жатып, кенет әкесін ойлады. Әкесі есіне түскен сәтте қолындағы жыртылған ыстық суретке қарады. (Т. Нұрмағамбетов, 100 сөз). [34, б.21].

Сөздік диктантта эвристикалық деңгейде «жеке сөздердің мағынасын терең түсіну мен олардың дұрыс жазылуын меңгеруі көзделеді. Онда оқушыларға ауырлық келтіріп жүрген сөздерге ерекше назар аударылады».

Тапсырма. Сөздерді көшіріп жазып, мағынасына қарай тура және ауыспалы мағынаға бөліп, кестені толтырыңыз.

- Адамның басы, сөздің басы

- Құралайдың көзі, бұлақ көзі
- Жұмсақ сөз, жұмсақ жастық
- Суық сөз, суық жел
- Терең ой, терең сай

13-кесте. Сөздерді көшіріп жазып, мағынасына қарай тура және ауыспалы мағынаға бөл

Тура мағына	Ауыспалы мағына

Қатемен жұмыс диктанты оқушылардың жіберген қателері бойынша жүргізіледі. Мұндай диктантты түсіндірме диктанты түрінде жүргізсе тиімдірек.

Шығармашылық деңгейге арналған «шығармашылық диктантта» оқушылар тақтаға жазылған жеке сөздер мен сөйлемдерді қатыстырып, сөйлем немесе шағын мәтін құрайды. Тақырып қойып, ойларын өз сөздерімен жазу талап етіледі.

Тапсырма. «Кітап – білім бұлағы» тақырыбында шағын ой-толғау жазыңыз.


Ойын әдісі

Метафора, метонимия, синекдоха тәсілдерімен оқушылар әдетте жоғарғы сыныптарда және әдебиет сабағында кеңірек танысады.

9-сынып оқушылары қазақ тілі мен әдебиет сабақтарының байланысында мәтіндегі көрнекі және экспрессивті құралдармен танысып, олардың мағынасы, функциясы мен қолдану тұрғысынан ерекшеліктерін талдайды.

9-сыныпта қазақ тілі мен әдебиеті сабағында сөздің ауыспалы мағынасын оқыту үдерісінде қолдануға тиімді ойындардың ішінен мынандай түрлерін қарастыруға болады

Ойындар



8-сызба. Ойындар әдісі

Рөлдік ойындар – тиімді интербелсенді әдістердің бірі. Өйткені іс-әрекет арқылы үйрену/үйрету – танымның ең тиімді тәсілі екендігі баршаға аян. Рөлдік ойындардың екі түрін ажыратуға болады:

1. Әрбір оқушы бір рөлді ойнайды.
2. Оқушылардың шағын топтары рөл ойнайды.

Бұл ойындарда мынандай рөлдерді қолдануға болады.

- Жүргізуші - мәселені талқылауда ұйымдастырушы, барлық оқушыларды белсенді қатысуға шақырады;
- Автор – өз көзқарасы мен пікірін келтіруші;
- Сыншы
- Қуаттаушы
- Капитан
- Талдаушы
- Бақылаушы
- Уақыт қадағалаушы

Блиц оқу ойындарын қазақ тілінен сөздің ауыспалы мағынасы тақырыбын меңгеру барысында және қорытынды сабақта қолдануға болады.


XIX-XX ғасыр ақындарының жырларына үңіле зерттеп қарағанда, ақын-жыраулардың ауыстыруды көп қолданған, демек, ауыстыру жыраулардың ең жиі қолданатын құбылтуларының бірі болған. Сабақ барысында оқушыларға осы кезеңнің авторларының шығармашылығын таныстыру арқылы, негізгі құбылту құралдарын оқыту өте тиімді.

Құбылтудың метафора түрі Махамбет жырларында мол кездеседі. Ақын жырларынан метафоралардың тізбегін жасауға болады. Үзінділер арқылы, оқушыларға ойын әдісі ұсынуға болады.

«Фотолар» тапсырмасы – эвристикалық деңгейге арналған тапсырма. Себебі, бұл тапсырма оқушыларға ақпаратпен терең жұмыс жасап, ізденуді талап етеді.

Оқушыларға әр түрлі тарихи қаһармандардың фотосуретін беріледі. Оқушылар суреттергінің кім екенін анықтап, оның өмірін немесе ол адамның мінез-құлқын әртүрлі құбылтулар арқылы Махамбет Өтемісұлының атынан сипаттайды.

- a) Махамбет Өтемісұлы
- b) Исатай Тайманұлы
- c) Жәңгір хан



3-сурет. Жыраулар бейнесі

14-кесте. Жыраулар сипаттамасы

а)	Махамбет Өтемісұлы	Шамдансам, шалқамнан түсер асаумын, Шамырқансам, шатынап сынар болатпын
		Мен - ақ сұңқардан туған құмаймын Бір сұңқарға жұбаймын
		Түбін қазған мен - бәйтерек, Толқуменен құлаймын. Мен тауда ойнаған қарт марал...
		Мен бір шарға ұстаған Қара балта едім, Шабуымды таппай кетілдім, Қайрасаң тағы жетілдім... Мен - ақ сұңқар құстың сойы едім...
б)	Исатай Тайманұлы	Исатай деген ағам бар, Ақ кіреуке жағам бар
с)	Жәңгір хан	Хан емессің - қасқырсың... Хан емессің - ылаңсың, Қара шұбар жылансың. Хан емессің, аярсың, Айыр құйрық шаянсың. [35, б.151-158].

«Жарнама құрастыру» ойыны – нағыз шығармашылық деңгейдің тапсырмасы.

Оқушылар 5 адамнан шағын топтарға бөлініп, ойында тауар жарнамалау ісімен айналысады. Кішкене қобдишаға оқушылардан жиналған әр түрлі заттар салынған (көзілдірік, телефон, қарындаш, ерін бояйтын помада, т.с.с.).

Әр топ өкілі қобдишаның ішінен кез-келген біреуін суырып алғаннан кейін, 10 минуттың ішінде топ мүшелері таңдалған затқа кез-келген форматта жарнама жасауға дайындалады (плакат, мәтін, видео, өлең, флаер, т.б.)

Жарнаманы келесі тәртіппен келтіру керек:

- Тауардың сипаттары;
- Тауардың артықшылығы;
- Тауарды тұтынудың пайдасы.

«КЛАСТЕРЛЕР» ӘДІСІ – идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер.

Негізгі тақырып, тірек сөз, басты идея ортадағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар жан-жағына жазылып, оқушылар оларды сызықтар арқылы қоса отырып, өзара байланысын баяндайды.

Мысалы, Махамбет Өтемісұлының бай метафоралары Исатай батырға арналған «Тарланым» атты толғауында әсем келтірілген.

*«Таудан мұнартып ұиқан тарланым,
Саған ұсынсам қолым жетер ме?
Арызым айтсам өтер ме?
Арыстаным, көп болды-ау,
Саған да менің арманым.
Кермиығым, кербезім!
Керіскідей шандозым!
Құландай ащы дауыстым!
Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырмызыдай ажарлым!
Хиудай базарлым!» [36,б.25].*



9-сызба. Исатай Тайманұлының бейнесіне жасалған сипаттамалар


Осы аталған теңеулердің әрқайсысына осындай кластер жасап, неге осы сөзбен сипатталып тұрғанын, автордың нақты осы теңеуді таңдауына әсер еткен факторларды да анықтай алады. Мысалы, төмендегі кестеде Махамбет Өтемісұлы метафоралық «Арыстаным» сөзін Исатай батырға теңеуінің мәнін

үш тұрғыда түсіндіруге тырыстық. Ол арыстанның ішкі және сыртқы мінез-құлықтарының Исатай Тайманұлының бойында бар екенін меңзеп тұрғанын түсіне аламыз.



10-сызба. Арыстан сөзінің ішкі және сыртқы сипаттамасы

Немесе сол өлең шумағында «қырмызыдай ажарлы» Исатай батыр бейнесін төмендегідей кластермен ашып көрсете аламыз.



11-сызба. Исатай батырдың бейнесі

Осылайша, аталған бөлімде қазақ тіліндегі лексикологияның маңызды тақырыптарының бірі сөздің ауыспалы мағынасын оқушыларға меңгертудің және тақырыпты қорытындылап, білімді бекітудің нақты әдіс-тәсілдерін ұсындық. Олардың әрқайсысының мақсат-міндеті мен орындауда барысындағы өзіндік ерекшеліктері байқалады. Енді, осы бөлімнің логикалық жалғасы ретінде 5 және 9 – сыныптарға арналған деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы негізінде нақты тапсырмалар мен жаттығулар жинағын ұсынатын боламыз.

2.3 Сөздің ауыс мағынасын деңгейлеп саралап оқытуға арналған тапсырмалар мен жаттығулар

1-кезең. Анықтаушы кезең.

Мақсаты: Оқушылардың сөздің ауыспалы мағынасын меңгеру деңгейін анықтау.

Диссертацияның тәжірибелік бөлімінде орта мектеп оқушыларының (5 және 9 сынып) сөздің ауыспалы мағынасын меңгеру деңгейін көтерудегі тілді деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының нәтижелілігін эксперименталды түрде тексеру қажеттігі туындады.

Зерттеу аясында экспериментке МДШОБ Кәлпе орта мектебінің 5 және 9 сыныпта оқитын 20 оқушы қатысты.

Экспериментіміздің 1-кезеңінде анықтау тесті жүргізілді. Эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңінде келесі міндеттер қойылды және шешілді:

- 1) диагностикалық материалды таңдау;
- 2) оқушылардың деңгейін диагностикалау.

Эксперименттік зерттеу жүргізу кезінде тест нәтижелеріне әсер ететін оқушыларға бірдей жағдайлар жасалды.

Эксперимент бөлімінде оқушылардың деңгейін анықтаудың 3 критерийін анықтадық.

1-критерий – сөздің ауыспалы мағынаны тура мағынасынан және оның білдіретін негізгі мағынасын ажырата алады

2-критерий – ауыспалы мағынаны контекстте қолдана алады

3-критерий – ауыспалы мағынаны қолдануға әсер еткен факторларды анықтай алады және сөз тіркесі мен сөйлемдер құрай алады.

Анықтау эксперименті

Мақсаты: Оқушылардың «сөздің ауыспалы мағынасы» тақырыбын меңгеру деңгейін анықтау

Аты-жөні:

Лексика дегеніміз не?

Сөз мағынасын қалай түсінесің?

Сөздің тура мағынасы.....

Сөздің ауыспалы мағынасы.....

Сөздің ауыспалы мағынасын табыңыз.

А) Тұлпар-батырлар мінген жүйрік ат.

В) Бала қыздың алдына асыл тұқымды тұлпарды тарта берді

С) Тұлпар туған шұбар ат

Д) Халықтан небір тұлпарлар шығады.

Е) Түп атасы-араб тұлпары.

Тура мағынада берілген сөзді көрсетіңіз.

А) Қабағын түйді

В) Ақ жүрек

С) Алтын ғасыр

Д) Жарқын жүзді

Е) Қызыл алма

7. «Қара» деген сөздің тура мағынасында қолданылған жерін көрсетіңіз.

А) Қара қарындаш. В) Қара дауыл. С) Қара ниет. Д) Қара жүрек. Е) Қара тер.

8. Мәтінен ауыспалы мағынаны тауып оның тура мағынадағы қолданысын жазыңыз.

8.2 «Сөз тағдыры», «жол беру», «тың мағына», «жаңа сөз», «жаңа ұғым». сөздерінің мағынасын табыңыз.

8.3 Берілген мәтінде «Сөз тағдыры» сөзін ауыс мағынада қандай мәнде қолданып тұр.

9. *Ниетің қисық болса, ағайынға өкпелеме.* Мақалда қай сөз ауыспалы мағынада қолданылған?

10. Мына сөйлемдерде *ыстық*, *ауыр* сөздері қандай мағынада қолданылған?


Марат ауыр жүк көтерді. _____

Ол – сыныбымыздағы мінезі ауыр баланың бірі. _____

Дастарқанға ыстық тамақ та келді. _____

Қуаныштан оның бойын ыстық сезім биледі. _____

10.1 Қол деген сөзді тура мағынада, содан соң ауыспалы мағынада қолданып, екі сөйлем жаз



4 –сурет. Эксперименттік тәжірибеге қатысқан оқушылардың білім, білік дағдысының деңгейі

5-сынып

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы негізінде ұсынылатын тапсырмалар «Бауырсақ» рөлдік ойыны

Анықтау экспериментінің нәтижелеріне сүйене отырып, деңгейлеп – саралап оқыту технологиясы негізінде оқушыларға әртүрлі тапсырмалар ұсындық. Олардың ең бірінші рөлдік ойын әдісіне негізделген «Бауырсақ» ойыны. Оқушылардың барлығы бастауыш сыныптан «Бауырсақ» ертегісімен жақсы таныс. Сол себепті де оқушыларды екі топқа бөліп, түрлі кейіпкерлерге топтастырдым. Олар, *автор, бауырсақ, қасқыр, аю, қоян, түлкі және бауырсақтың достары.* Бауырсақтың достары Бауырсақты аман-есен құтқарып, ата-әжесіне жектізу үшін, жауыз кейіпкерлердің нақты

тапсырмаларын орындауы керек. Дұрыс орындалған кезде ғана келесі кезеңге өте алады. Көрнекілік құралдары да ұсынылды.

Қасқырдың тапсырмасы 1-деңгей, *Аю* 2-деңгей, *Қоян* 3-деңгей, *Түлкінің тапсырмалары* 4-деңгейге сәйкес келеді.

Автор: «Балалар, біз бүгінгі сабағымызды «Бауырсақ» ертегісінің желісі бойынша жүргіземіз. «Бауырсақ» ертегісін жақсы білеміз ғой. Ендеше есімізге түсіріп жіберейікші. Кім айтып бере алады? (Қысқаша мазмұны айтылып өтеді.) Оқушылар, біздің сыныптағы электрондық поштамызға жаңа хат түсіпті. Хатта ат мен әже үйінен қашып жоғалып кеткен бауырсақты іздейді. «Кәне, оқушылар атай мен әжейге көмек берейік. Ертегідегі бауырсақты түлкі жеп қойса, бүгінгі бауырсаққа көмек беріп, атай мен әжейді қуантайық. Ол үшін бүгін бізге үлкен білім керек болып тұр. Бауырсақ орман жаққа кетіпті. Түрлі аңдарға кездесіпті. Олардың көп тапсырмасы бар екен. Алдымен қасқырға жолықса керек».

Қасқырдың 1-тапсырмасы:

Балалар, төмендегі сөздердің қандай мағынада қолданылып тұр: тура немесе ауыспалы?

1. терең білім, терең сезім, терең сай;
2. жақсы ой, жақсы машина;
3. долы дауыл, долы әйел;
4. қисық ағаш, қисық адам;
5. көзінің оты бар - жауыннан соң от жақтық;
6. өткір қылыш, өткір мінез;
7. қоңыр дауыс, қоңыр қаз;
8. ашық есік, ашық мінез;
9. кінәсін жуу, қолды жуу;
10. адамның жылап тұр, аспан жылап тұр.

Қасқырдың 2-тапсырмасы:

Бет, құлақ, кілт, терең, ақ сөздерінің тура және ауыспалы мағынасын тауып, басқа сөздермен байланысқа түсіріп, тіркес құра.

Балалар, бауырсақ енді аюға кездесіпті

Аюдың 1-тапсырмасы:

Түсіндірме сөздікпен жұмыс. Түсіндірме сөздіктен бірнеше сөздің тура және ауыспалы мағыналарын табындар.

Аюдың 2-тапсырмасы:

Ой қозғайық! Мына мақал-мәтелдерден ауыспалы мағыналы сөздерді табындар.

- Анамның тілі – аяулы үні.
- Ата – асқар тау,
Ана – бауырындағы бұлақ,
Бала – жағасындағы құрақ.
- Тіл – көңілдің кілті.
- Еңбектің наны тәтті,

Жалқаудың жаны тәтті [37,б.5-6].

«Бауырсақ үшін аюдың да тапсырмасын орындадық. Енді қоян не айтар екен?»

Қоянның 1-тапсырмасы:

Кезекті жаңылтпаштарға берейік. Жаңылтпаш ішінен тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді табайық.

1. Ағаны бала ағаламағаны,
Бала ағаны бағаламағаны
Ағаны бала бағаламағаны
Әдепті бала бола алмағаны»

2. Жасыл көктем,
Жасыл жіппен
Жақсы тіккен.
Жібек көрпе жамылдырды.
Жасыл өңге малындырды [38,б.11-16].

Қоянның 2-тапсырмасы:

Шығармашылық диктант. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді тауып, ұйқастырып қойындар.

1. Ой маржанын тере білген,
Әр жазушың, әр ақының.
Әр сөзіңді еmemін мен,
Ана сүті –(ана тілім)

2. Тіл – ырысың, өрісің де,
Тіл – көктегі ғажап күнсің мен үшін де-
Ғажап күнсің мен үшін де –
Бабам тілі -(қазақ тілі)

3. Мекендеген портфелімді
Беттері аппақ - ақ көңілді.
Қызаратын қатем үшін
Кірлетпеймін(дәптерімді)

Оқушылар, бауырсақ ормандағы ең айлакер, қу түлкіге кез болыпты. Осы түлкінің қолына түсірмей, аман-есен атай мен әжейдің қолына тапсырайық.
Түлкінің 1-тапсырмасы:


Интертактада үш сурет берілген. Сол суреттерді қатыстырып тілге байланысты сөз тіркесін немесе сөйлем құра.



2.1-сурет



2.2-сурет



2.3-сурет

Түлкінің 2-тапсырмасы:

Ауыспалы мағынадағы сөз қалай жасалып тұр? Мәтіннен ауыспалы мағынада қолданылып тұрғын сөздерді, сөз тіркестерін тауып, астын сызындар және жасалу жолына мән беріндер. Қандай сөйлем мүшелерінің қосылуымен жасалып тұр? (сын есім+зат есім, т.б)

«Ал, жақсы, балалар, бәріміз аңдар тапсырмасын орындап, бауырсақты құтқарып алдық. Әрине, оған біз білімімізбен қол жеткіздік. Ендеше, *Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар* деген осы болса керек. Біз бүгін қуаныштымыз, атай мен әжейге үлкен көмек жасадық. Енді қарияларға жеткенше әңгімелесіп барайық»

Сабақты қорытындылау.

«Интервью» жаттығуы (Сұрақ-жауап әдісі)

1. Сөздің затты я құбылысты атап білдіретін мағынасы тура мағына ма? ИӘ немесе ЖОҚ


2. Сөздің ауыспалы мағынасы бір заттың негізгі атауыш мағынасын екінші бір затқа атау етіп ауыстырып қолдану ма?

ЖОҚ немесе ИӘ

3. «Терең білім» тура мағынада ма? ИӘ немесе ЖОҚ

4. «Ыстық су» ауыспалы мағынада ма? ИӘ немесе ЖОҚ

Графикалық диктант



12-сызба. Графикалық диктант

Б. Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» шығармасымен жұмыс

Мақсаты: Сөздің ауыспалы мағынасын 5-сынып әдебиет сабағында типтік оқу бағдарламасында оқуға ұсынылатын Б. Соқпақбаевтың «Менің атым-Қожа» шығармасын қазақ тілі пәнімен байланыстыра отырып меңгеру.

I деңгей. Түсіндірме диктант

1.1 Шығарманы оқи отырып, сөздік жұмысын жүргізу. Түсініксіз сөздерді тауып, дәптерге теріп жазып, түсіндірме сөздіктен қарап, мағынасын анықта.

1.2 Төменде берілген сөйлемнен ауыспалы мағынада тұрған сөздерді тауып, мағынасын ажырат:

- Кімді іздеп жүрсің? – деген *суық үн* саңқ ете қалды
- Сұлтанға көңілімде дық сақтап жүрген адамдай *өңімді суыққа* салып: «Сен менен аулақ жүр» дедім.
- Шүйлігіп қарағанда *сұп-суық көздері* адамның өңменінен өтеді[39, б.5-6].

II деңгей.

Төменде берілген сөздерді тура және ауыспалы мағынада қолданып, әрқайсысына (бір тура, бір ауыспалы мағынада) екі сөз тіркесін және екі сөйлемнен жасаңдар:

1. тойдым
2. жұп-жұмсақ
3. қоңыр
4. көзін ашу
5. суыды

III деңгей. Ауыспалы мағынада қолданылған сөздердің орнына тура мағынасынан түрін қойып жаз.

«...Шіркін-ай, мойынға алған жұмысыңды тындырып тастап, рахатқа бататын кездерің де болады-ау! Сондай - бір жетіскен халде орнымнан түрегелдім, сағатқа қарасам, он бір болып қалыпты. Ұйықтайтын уақытым болған екен. Тысқа шығып келдім де, жатып қалдым. Бірақ, мұндайда ұйқы келе қоя ма. Жанар шықпайды ойымнан». «Мақтаншақ Қожа. Мен енді сені бұдан былай мақтаншақ Қожа деп атаймын». «Осыны айтып, қолын қуана шапалақтап,

Жанардың *дөңгелене жөнелген кейіні көз алдыма* келеді. Жаңағы оған арнап жазған өлеңім түп-түгел *тілімнің ұшында* тұр. Жатталып қалыпты. Қараңғы үйде шалқамнан жатып алып, соны бастан-аяқ сықпыртып, *мылқау фильм* тәрізді үнімді шығармай тақпақ етіп айтам...» [40,б.23].

IV деңгей

Төмендегі үзіндіде Қожаның ең бақытты сәтіндегі ішкі жағдайы, сезімдері суреттелген. Мәтінді оқып шығып, ауыспалы мағынада сөздерді қалай қолданғанына мән беріңіз. Өзіңізді ең бақытты сәтіңізді есіңізге түсіріп, сол кездегі сезімдеріңізді мәтінге қылып жазыңыз.

«Әжемнің әжімді мандайынан шөп еткізіп, бір сүйдім де, жүгіріп тысқа шығып кеттім. Шіркін, бүгінгі кеш қандай әсем еді. Ай жарық. Аспанның тұп-тұнық көк жібек шатыры бар жиһазын тағынып мөлдіреп тұр. Клуб жақтан гармонь үні, балалардың шуылдап ойнаған дауыстары естіледі. Бойымда керемет бір *жігер оты* лапылдап, солай қарай бет алдым. Ай нұрынан орнаған-күміс *көпір* белдеулеп бет алдымда, ауылдың дәл ірге-сінде өзен жатыр жарқырап. Мөп-мөлдір мына ғажап дүние»... «Ұш! Самға!» деп, «Қолтығымнан қанат бітіретін, *арман нысанасына* қарай алып ұшатын тәрізді. Лаула! Лаула *жігер оты!* Самға қиял Құсы! Асығатыным да, аң-сайтыным да ертеңгі болашағым» [41, б.105]..

9-сынып

Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» шығармасымен жұмыс

1) Репродуктивтік деңгей

1-тапсырма. Мына сөйлемдерде *тынымсыз, тәтті, бай, қалың, кілт, жұмсақ, ащы* сөздері қандай мағынада қолданылып тұр?

- «*Тынымсыз* жүрек таңғы *тәтті* ұйқыны Рысқұловтан тартып алды».
- «Рысқұлов ақылды, аса ірі де *бай* мінездің адамы».
- «*Қалың* жұрт өзіне қарап қалғанын сезіп, Рысқұлов қатаймақ болды».
- «Бұл әлі ешкім айтпаған сауал, үлкен жұмбақтың *шешуші кілті* еді»
- — «Апыр-ой, Сұлтеке, қойсаңызшы енді, — деп Санжар Асфандияров, зиялы, *жұмсақ* мінез кісі ғой, соның өзі қатуланып кетті».
- «Рысқұловтың соңғы *сөзі ащы* шықты. Бүкіл зал селк еткендей болды» [42, б.12].

2) Алгоритмдік деңгей

2-тапсырма. «Суық» сөзінің әртүрлі тіркестерде қолданылу және жасалу ерекшеліктеріне мән беріңіз.

1. Сұр жыландай *суық сұрақ*
2. Өлді деген *суық хабары* болса бір сәрі.
3. «Темір есіктің көздей тесігінің қақпағы көтеріліп, ар жақтан надзирательдің жалғыз жанары октаулы мылтықтай *суық қадалды*.
4. «Жылқының төресі сойылыпты деген *сұмдық суық сөз рас* па, сандырақ па?»
5. «Тесіктен Рысқұлдың бір көзі ғана сығалады. Кірпік қақпайтын *суық көз* жалт еткенде Тұрар шыдай алмай:

– Көке! – деп айқайлап жіберді. *Суық көз* жылыын деді. Күлімсірегендей болды».

6. – «Кім біледі, жандарм сияқты *түсі суық екен*, – деген.
7. Мұнша кешікпеуші еді, бұған не болды, – деп әкесі тықыршыды. Басына неше түрлі *сумаңдаған суық ойлар* келді».
8. «Қасқабас судьяның көзі императордың суретіне түсті. Оның үкімін император да құптамай тұрғандай *суық қарайд*».
9. «Кейбіреулер сияқты қызметті сылтау етіп, *суық жүріспен* кетіп қалмайтынын да қалтқысыз біліп болды».
10. «Көп күттірмей-ақ Кушекиннің кабинетіне сұңғақ бойлы, бір аяғын шамалы сылтып басатын, селдіреген бурыл шашын жылмита қайырған, аксұр түсі суық кісі жорта жымиып «Ассалау-мали-кум!» деп кіріп келді».

3-тапсырма.

Берілген сөздерді көп нүктелердің орнына қойып шығыңыз және қандай мағынаға ие болғанын ажыратып жазыңыз.

1. терең
2. ашық
3. қатты
4. қаражүрек
5. өткір

15-кесте. Берілген сөздерді көп нүктенің орнына қойыңыз

Сөйлем	Мағынасы
а) «Ол өз ойының-де, өз қиялының жетегінде»	
б) «Біздің кейбір жолдастар Түрккомиссия мүшелерімен таласта: «Әзірбайжанда «Үммет», «Тұран» ұйымдары бар, прогресшіл, солармен бірлесейік», — деп ұран тастағаны есімде».	
с) «Осы өтіп бара жатқан жылдың басында ТүркЦИК-те айтыс болды»	
д) «Ондай адам бұл қылығының сұркия-сұмдық екенін біледі, біле тұра, істемеске амалы жоқ, табиғаты солай жаратылған, Құдай қарғаған жан».	
е) «Арасында ара-тұра көзі, сауаттылары, тіпті саясатшылары да бар екен» [43,б.46-85].	

4) Шығармашылық деңгей

Иә, Түркістан мәселелері туралы ЦК мен ВЦИК, Совнарком комиссия құрады... Түркістан... — деп Ленин тағы да картаға қарады. — Шығыс. Иә, Батыс — ақылды, Шығыс — дана. Батыс — кеңістік, Шығыс — тереңдік. Батыс — әрекетшіл, Шығыс — арманшыл. Батыста әлі өркениеттің ұшқыны енді-енді жылтырай бастағанға дейін, жүздеген жыл бұрын Шығыста философияның ұлы-ұлы мектептері болған. Арманшыл, қиялшыл Шығыс. Ояту керек сол Шығысты. Шығыстың ақылына әрекет қосылса, керемет болады. Ал, енді келесі кездескенше сау тұрыңыздар! [43,б.33].

Автор оқиғаны сипаттауда нақты осы сөздерді қолдануға қандай факторлар әсер еткенін тізіп жазыңыз. Кемінде 1 әсер еткен факторды ұсыныңыз.

14-кесте. Автор оқиғаны сипаттауда нақты осы сөздерді қолдануға қандай факторлар әсер еткенін тізіп жазыңыз.

	Қалай сипаттайды?	Неліктен?
Шығыс		
Батыс		

Қазақ әдебиетіндегі байырғы, дәстүрлі сөздердің ауыспалы мағынада қолданылу аясына қарай талдау жасау

Мақсаты: Қазақ тіліндегі байырғы сөздерді әдебиетте қолданылу тұрғысынан жан-жақты ашып талдау.
Репродуктивті деңгей – I. Жансүгіровтың «Күйші» поэмасындағы «Ебелек» сөзін талдау

«Ойнақтап қара дауыл соқты қырдан,
Ебелек ел алдымен қашты қаңбақ.
Безектеп бір өткір күй құлдырады,
Күйшінің көзінде қыз бұлдырады» [44, б.87]..

I-тапсырма. Поэманың үзіндісінен сөздің ауыспалы мағынасында қолданылған үлгілерді тауып, олардың тура және ауыспалы мағыналарын ажыратыңыз.

16-кесте. Қолданылған үлгілерді тауып, олардың тура және ауыспалы мағыналарын ажыратыңыз.


№	Ауыспалы мағынадағы сөз	Контекстте қолданылу мағынасы	Тура мағынасы


	<p><i>Ебелек ел</i> <i>«Ойнақтап қара дауыл соқты қырдан, Ебелек ел алдымен қашты қаңбақ»</i></p>	<p><i>«Ебелек ел» - «қара дауылдың» әсерінен қуғынға ұшыраған, көшіп қойған, тұрақтай алмаған адамдар тобы</i></p>	<p><i>«Ебелек - алабұта тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік. Жемісі пісіп жетілгенде түбінен үзіледіде, желмен таралады. Өте жеңіл, жел арқылы ұшып, қонып жүреді».</i></p>
--	--	--	---

2-деңгей. Алгоритмдік деңгей

«Ебелектің» қасиеттерін жан-жақты зерттеп, оны әр түрлі салаларда қолданылу мысалдарын табыңыз.

16-кестенің жалғасы

№	Қолданылу аясы	Мысалы	Мағынасы
	Өнерде	<p><i>«Ебелек» фильмі – Амангельды Тажбаев, драма, 1980</i></p>	<p><i>Фильм заманауи құбылмалы ауыл өміріне арналған, ауыл шаруашылығының тұрақсыз өзекті мәселелерін көтереді</i></p>
		<p><i>Ебелек – шыр айналған нәрсенің “ұршық басы” бейнесін көрсететін ою, өрнек</i></p>	
	Ғылымда	<p><i>«...Ебелек философия біздің санамызға кесел болып жабысты... Бұл философияның негізі – қайшылық. Әу баста ойшылдардың талқысында болған қайшылық туралы философия XIX ғасырда саясатқа байланып, дертке душар болды». Ғарифолла Есім Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «ЕБЕЛЕК-ФИЛОСОФИЯ» мақаласы</i></p>	<p><i>Бір-біріне қайша келетін түсініктер, ойлар. Ғылымдағы философиялық тұжырымдардың құбылмалы болуы, бір мәмілеге келмеуі.</i></p>

<p>Ауыз әдебиетінде</p>	<p>«Қазақ елін шауып кеткен Қоңтажыға мал-жанды даулап келген үлкендер (билер) сөзі әсер етпегенде бала Қазыбек: – <i>Ел ебелек емес</i>, ер кебенек емес, дат! – дейді. Сонда қалмақ ханы: – Өй өзің жөніңді айтшы, атың кім? – депті. – Атым Қазыбек, әкем Келдібек, халқым қазақ, руым қаракесек, – депті. – Дауысың қаз дауысындай қаңқылдап тұр екен, ал датыңды айтшы! – депті хан».</p>	<p>Қазыбек би қалмақ басшысы алдында қазақ халқының жай ел емес екендігін, өзінің намысы бар, мәмілеге келуге тұрарлықтай лайықты халық екендігін, елеулі ел екендігін жеткізді.</p>
<p>Жазбаша әдебиетте</p>	<p>Көбелек бикеш өлеңі – «Көбелек ару түнекте <i>ебелек қаққан</i>, Күтпейді сені түсінші керемет ақ таң»</p>	<p>Бауыржан Момышұлы сипаттаған «ебелек қыздардың» бейнесін сипаттайды. Яғни, түнгі жүрісі көп, жеңілтек, жеңіл ойлы бикештердің әрекеті.</p>
<p>Публицистикалық мақалада</p>	<p>«...Қордайдағы қос ебелекті жел электр стансасын іске қосу арқылы Қазақстан энергетикасының тарихында жаңа парақ ашылды»</p>	 <p>Автор жел электр станциясының құрылғыларының сыртқы кейпін ебелек өсімдігіне балайды.</p>

3-деңгей. Эвристикалық деңгей. Сөздікпен жұмыс

М.Мағауиннің жинағына енген Қазтуғанның «Мадақ жырынан» алынған мына үзіндідегі түсінікісіз сөздерді теріп жазып, сөздіктер мен энциклопедияларды пайдалана отырып, түсініктеме беріңіз.

«Бұдырайған екі шекелі,
Мұздай үлкен көбелі,
Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті,
Адырнасы шайы жібек окқа кіріс-ті,
Айдаса - қойдың көсемі,

Сөйлесе - қызыл тілдің шешені,
 Ұстаса - қашағанның ұзын құрығы,
 Қалайылаған қасты орданың сырығы,
 Билер атты би соңы,
 Би ұлының кенжесі,
 Буыршынның бұта шайнар азуы,
 Бидайықтың көл жайқаған жалғызы,
 Бұлұт болған айды ашқан,
 Мұнар болған күнді ашқан,
 Мұсылман мен кәуірдің
 Арасын өтіп бұзып дінді ашқан
 Сүйінішұлы Қазтуған!» [46,б.302].

17-кесте. Сөздің контекстегі мағынасы

№	Сөз	Контексттегі мағынасы
1.	Буыршын	«Еркек түйенің жасы, жас бура. Оның мұқалмаған тісі бұта шайнауға қаншалықты жарамды болса, сипатталып отырған тұлғаның да неге салсаң тартынбайтын дер шағынан көрініс береді».
	«Бидайықтың көл жайқаған жалғызы»	«Бидайық – торғай, үйрек сияқты көл құстарына түсетін жыртқыш құс. Толғауда «бидайықтың көл жайқаған жалғызы» деп беріледі. Жыртқыш құстардың екі балапанының ең мықтысы ғана аман қалатыны, өз ұяласын әлдісі жойып, ата-анасы тасыған жемді үлессіз жеп жетілетіні болады. Ендеше, «жалғызы» қолданысы да белгілі бір семантикада берілген. Ал «көл жайқаған» тіркесі, көбіне, “шайқаған”, яғни, қозғаған мағынасымен алмастырылып та ұғынылуы мүмкін. Бұл екі сөз екі мағынада қолданылады. “Көл жайқау” көлді аласапыран, астан-кестен ету, бұл әрекет құс қимылын, әрекеті мен мінезін білдіреді, сол арқылы сипатталып отырған тұлға».

4-деңгей. *Ой-толғау*. Қазтуған жыраудың «Мадақ жырыны» негізгі тақырыбы мен идеясын ашуда метафоралар қандай рөл атқарып тұр?

Махамбет Өтемісұлы шығармашылығында сөздің ауыспалы мағынадағы (метафора, метонимия, синекдоха, эпитет, теңеу, т.б.) бейнелеу тәсілдерін қолдану ерекшеліктері.

Мақсаты: Құбылтудың тәсілдері Махамбет жырларында мол кездеседі. Ақын жырларынан үзінділер келтіру арқылы оқушыларға ауыспалы мағынаны ажыратуды меңгертіп қана қоймай, Махамбет Өтемісұлы шығармашылығымен оқушыны терең таныстыруға болады.

1) *Репродуктивтік деңгей*

18-кесте. Махамбет Өтемісұлының өлеңдеріне шол жасай отырып, бейнелеу тәсілдерін қолдану мысалдарына лексикалық талдау жасаңыз.

<i>Көркемдегіш сөздер</i>	<i>Үзінді</i>
Теңеу	Ақ бөкендей, қойдай, өрттей
Метафора	Исатай-басшы, мен-қосшы
Эпитет	Ағаш үй, көп әскер, қайсар батыр
Метонимия	
Синекдоха	

2) *Алгоритмдік деңгей*

19-кесте. Көркемдегіш сөздердің негізгі мағынасын ашып, тура мағынасында қолданып сөйлем құраңыз

<i>Көркемдегіш сөздер</i>	<i>Үзінді</i>	<i>Білдіретін мағынасы</i>	<i>Тура мағынасы</i>
Теңеу	Ақ бөкендей, қойдай, өрттей		
Метафора	Исатай-басшы, мен-қосшы		
Эпитет	Ағаш үй, көп әскер, қайсар батыр		
Метонимия			
Синекдоха			

3) *Эвристикалық деңгей.*

3.1 Ақынның тілдің экспрессивті құралдарын (метафоралар, салыстырулар, эпитеттер, аллитерациялар) қолданудағы шеберлігін көрсетіңіз. Олар қандай тілдік деңгейлермен (фонетикалық, сөзжасамдық, лексикалық,

синтаксистік және т. б.) байланысты? Нақты осы сөзді қолдануға әсер еткен факторларды тізіп шығыңыз.

- a) «Ат - жігіттің майданы
Қылыш - жанның дәрмені,
Өлім - хақтың пәрмені...»
- b) «Еменнің түбі - сары бал,
Еріскен көңіл - бәрі бал...»
- c) «Өзіңнен туған жас бала
Сақалы шығып жат болмай...
Өзегі талып ет жемей...
Ер төсектен безінбей...
Жабағыдан туған жасаман ат
Шаба алмайды бөжіектеп...
Жақсыменен дос болсаң
Айырылмас күні қос болсаң...
Хас жақсының баласы
Арада тұрып сөйлемес.
Жауым таба қылар деп.
Қас үлектен туған қатепті
Қара нар керек біздің бұл іске.
Момындардың басы дау ...
Дұшпанының қанына
Ақ алмасын суарды-ай ...»

3.2 2.2 бөлімінде ұсынылған «Фотолар» тапсырмасы.

4) Шығармашылық деңгей. Ой-толғау

Төмендегі өлеңнің үзіндісін мұқият оқып шығып, өлең сөзді бейнелі – көркемдік құралдарды қолдану тұрғысынан талдаңыз. Олардың поэтикалық бейнені жасаудағы рөлі қандай? (авторлық позицияны білдіруде)

Алақандай Нарында
Басушы едім құлаштай.
Жәбір беріп, жала етсең,
Былғанған басым ласқа-ай...
Көрмес, келмес деп едім,
Өз еркіммен бетіңді-ай...
Өтемістен туған он едік,
Онымыз атқа мінгенде
Жер қайысқан қол едік...
Қайнаған қара бұлттай
Қарсы біткен жүрегім...
Атаңа нәлет Жәңгір хан
Көзінен тізіп жіберді-ау
Орынбор деген қалаға-ай! [47,б.145].

Жауап үлгісі: «Ақын жырларынан алынған бұл үзінділердегі «басым», «бетіңді», «қол едік», «жүрегім», «көзінен» деген мегзеулердің шеберлікпен

қолданғандығы сондай - ешқандай түсіндірусіз -ақ адамның дене мүшелерінің бір-бір бөлшегі болса да, бүтін адам ретінде ұғылады. «Басым», «бетін», «жүрегім» деген сөздер бір-бір жеке адамды көзге елестетсе, «қол едік», «көзінен тізіп» деген тіркестерден көп сарбаз, көп адам деген ұғымдарды түсінеміз. Бұл алмастырудың бәрі Махамбет жырау жырларының көркемдігі мен рухани күшін арттырған...» [47,б.145].

Публицистикалық стильді оқытуда мәтіндердегі сөздің ауыспалы мағынасын қатар оқыту

Метафора – бұл публицистикалық мәтіндердің ажыратылмайтындай біртұтас бөлігі. Бұқаралық ақпарат құралдары тікелей сөйлеу қатынасындағы мәдениетпен жанасатын экспрессиялық, эмоционалдық және бағалаушылық категорияларымен байланысты. [48,б.25].

Қазіргі газет тілінде «сын есім+зат есім», деп құрылатын атрибутивті сөз тіркестері танымал болып келеді. Мысалы:

- «Ендігі міндет ел ырысын мақсаткерлікпен жұмсап, төл табиғатымыздың көркем мүйісін әлемдік деңгейдегі танымдық демалыс ошағына айналдыру болмақ» (Егемен Қазақстан №127).
- «Ал біздің *ат төбеліндей еліміздің* Әнұраны соңғы бес айда үш рет ауыстырылып, біріншісінде ескісі, екіншісінде шетелдің *шата әуендері* шырқалуына жол берді (Егемен Қазақстан №127).
- «Бұл келеңсіздіктен, әрине, *спортты жағалап жүрген бишігештер* де таза емес (Егемен Қазақстан №127).
- «Өлеңнің ауылынан шығып, прозаның есігін ашып, төріне ұмтыл дегендерің ақыл болар, оны қабырғаммен кеңесіп көрейін» депті сатирик (Егемен Қазақстан №127) [49,б.35].

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы негізінде ұсынылатын тапсырмалар

1-тапсырма. БАҚ материалдарынан әдеби тілдегі сөздің ауыспалы мағыналық түрлеріне мысалдар теріп жазып келу

2-тапсырма. Публицистикалық мақалалардан метафоралық үлгілерді тап та, жасалу жолы мен құрылымына қарай топтастырыңыз.

3-тапсырма. *Кестемен жұмыс.* Көркем әдебиет, публицистикалық және ғылыми стильдердегі метафораның қолданылу ерекшеліктерін кестеде ажыратыңыз.

4-тапсырма. *Ой-толғау.* Көркем-публицистикалық стильдегі мәтіндердегі бейнелеу және экспрессивтік құралдарды қолданудың айырмашылығы неде?

3- кезең. Нәтижелерді қорытындылау кезеңі.

Қалыптастыру кезеңінен кейін оқушылардың білім деңгейін анықтау мақсатында тестілеу жүргізілді, ол үшін анықтау кезеңіндегідей анықтау тесті қолданылды. Нәтижелер кестеленді.

Анықтау экспериментінің нәтижесінде қалыптастырушы кезеңнің оң динамикасы көрсетілген.

Эксперимент тобының нәтижелері анықтау кезеңімен салыстырғанда 2 есеге жоғары екендігі байқалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біз өзіміздің диссертациялық жұмысымызда қазақ тілі сабағында сөздің лексикалық мағынасы және оның ауыспалы мағынасын оқыту жағдайына қатысты біршама өзекті мәселелерді көтеруге тырыстық. Зерттеу мақсатымызды сөздің лексикалық мағынасы мен ауыспалы мағынасын деңгейлеп –саралап оқыту бойынша тиімді әдіс-тәсілдерді ұсыну деп анықтап, осы мақсатқа жету барысында төмендегідей міндеттерді орындадық:

1. Ұғым, мағына және сөздің арақатынасын айқындап, сөздің тура және ауыс мағынасы, оның жасалу жолдарын қарастырдық. Осы мәселелерді жүйелеп, ғылыми, теориялық тұрғыда негіздедік.
2. Деңгейлеп-саралап оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін нақтылап, сөздің тура және ауыс мағынасын деңгейлеп-саралап оқыту бойынша тиімді әдіс-тәсілдер дайындадық;
3. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында қазақ тілі сабағында сөздің ауыс мағынасын оқытудың нақты тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін ұсынып, оқушыларға эксперимент жасап, нәтижелілігін анықтадық.

Диссертациямыздың әр бөлімі бойынша нақты теориялық және практикалық нәтижелерге қол жеткіздік. Олардың негізгілеріне төменде тоқталып өтсек. Диссертацияның 1 - тарауын «Сөздің лексикалық мағынасы және оның ауыспалы мағынасына жалпы сипаттама» деп атап, сөздің лексикалық мағынасы және оның ауыспалы мағынасын ажырату оның жасалу әдіс-тәсілдерін оқытудың психологиялық, лингвистикалық, дидактикалық негіздерін сараптадық. Ауыспалы және лексикалық мағына туралы түсініктеме бере отыра, тиімді әдістермен сабақ өтуде аталған аспектілер негізінде теориялық түсініктемелер жасалды. Тақырыпқа қатысты зерттеу жүргізген қазақ ғалымдарының еңбектері шолу жасап, теориялық бөлімді жүйелі тұжырымдадық. Қазіргі мектеп бағдарламасында сөздің лексикалық мағынасы және оның ауыспалы мағынасын оқытудың әдіс-тәсілдерін оқытудың тиімді жолдары, оқушылардың жас ерекшеліктерін көрсетуге арнадық.

Зерттеу жұмысымыздың 2-тарауын «Сөздің ауыспалы мағынасын оқытуда деңгейлік-тапсырмаларының қолданысы» деп атап, жаңартылған білім беру мазмұнындағы барлық өзгеріс ескере отырып, қазақ тілінде ауыспалы мағыналы сөздер тақырыбын меңгертудің деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын ұсындық. Заманауи инновациялық технологияларды енгізе отырып, 5 және 9-сыныптарға арналған нақты әдіс-тәсілдер дайындадық.

Ұсынылған әдіс-тәсілдердің тиімділігін анықтау үшін практикалық сабақтар мен әртүрлі ой сергектер, психологиялық ахуал тудырушы тапсырмалар беріліп, нәтижелері талданды. Бақылау барысында оқушылардың білу және түсіну деңгейі анықтау экспериментімен салыстырғанда 2 есеге көтерілгендігін байқадық.

Қорытындылай келе, диссертациялық жұмысымызда алға қойылған міндеттерді орындай отырып, негізгі мақсатамызға қол жеткіздік деуге болады.

Соңғы жылдары сөздің лексикалық мағынасы мен ауыспалы мағынасын оқыту әдістемесі ғылыми тұрғыда қарқынды түрде зерттеле бастағанымен де, көптеген мәселелер қайта қарауды, тереңірек зерделеуді талап етеді. Біз осы диссертациялық жұмысымыз арқылы осындай көкейтесті мәселелердің біріне назар аудартуға тырыстық. Әрине, айтылар, зерттелер нәрселер өте көп. Дегенмен де, біздің осы зерттеу жұмысымыз қазақ тіліміздің мәртебесін көтеруге ықпал етуші, елең еткізер ірі еңбектерге бастамашы боларына сеніміміз мол.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. –Алматы, 2003.
2. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы, 2003.
3. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу және даму жолдары. –Алматы, 1987.
4. Лендвай Э. Лексическая семантика русского языка. – Будапешт, 2000.
5. Новиков Л.А. Семантика русского языка. –Москва: Высшая школа, 1982.
6. Жолшаева М. Қазақ тіліндегі етістіктер және аспектуалды семантика. – Алматы: СДУ, 2011.
7. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. 215 б.
8. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірмелі сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.
9. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. I-бөлім. –Алматы, 2003.
10. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. –Алматы: Рауан, 1991.
11. Қалиев Ғ., Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Сөздік-словарь, 2005.
12. Виноградов В.В. Лексикология и лексикография. Избранные труды. – Москва: Наука, 1977.
13. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. –Москва: Индрик, 2005.
14. Байтұрсынов А. Тіл – құрал. –Алматы: Сардар, 2009.
15. Васильев Л.М. Современная лингвистическая семантика. –Москва: Высшая школа, 1990.
16. Қалиев Б. Сөз мағыналарының негіздері. –Алматы, 2002
17. Қалиев Ғ. Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы, 2003.
18. Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. –Алматы: Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999.
19. Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 4 – том, Б-Д. –Алматы, 2011.
20. Қалиев Б. Жылқыбаева А. Сөз мағыналарының негіздері. –Алматы, 2002.
21. Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы. – Алматы, 1968.
22. Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). –Алматы, 2004.
23. Новиков Л.А. Семантика русского языка. –Москва: Высшая школа, 1982.
24. Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы. – Алматы, 1968.
25. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығына 2-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 192-қосымша
26. Қаражігітқызы А. Қазақ тілін оқытудың тиімді жолдары. // Қазақ тілі мен әдебиеті 2005 №2 3-96б.

27. Қалниязова А. Жаңа технологияның қазақ тілінде алатын орны. // Қазақ тілі мен әдебиеті. 2002
28. Нұржанова Ж. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің түрлері. // Қазақ тілі мен әдебиеті 2002.
29. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Рауан, 1991
30. «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы № 2(26), 2021
31. Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. Алматы, 2001.
32. Бұзаубақова К. Ж. Жаңа педагогикалық технология. Алматы, 2004 .
33. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. Москва, 1998.
34. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер Алматы, 1999
35. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 2005.
36. Бейсембайқызы З. Қазақ тілін модуль негізінде оқыту. Алматы, 2001
37. Қазақ тілі 5 сынып. Дәулетбекова Ж. Алматы, Атамұра, 2017ж
38. Қазақ тілі 9 сынып. Дәулетбекова Ж. Рауандина А., Дусимбаева М. Алматы, Атамұра, 2019ж
39. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Сағира Рахметова. Алматы. Издательство Өлке, 2005.
40. Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. -Алматы, 1965.
41. Исабаев У. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. -Алматы, 1999.
42. Әбілқабеев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. -Алматы, 1995.
43. Күлмағамбетова Б.К. Қазақ тілін оқыту методикасы. -Алматы, 1988.
44. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. -Алматы, 2004.
45. Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары
46. Әбдікәрімова Т., Әбдіғалиева Т., Шәймерденова К. Қазақ тілін оқыту әдістемесі, Алматы, 1999
47. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі –Алматы, Ана тілі, 1996 ж.
48. Кобдикова Ж.У. Педагогическое технология уровневой дифференциаций обучения в средней школе. Алматы, 2001.
49. Баймаханова С. Деңгейлеп саралап оқыту // Қазақстан мектебі. №10, 2004, 63-64 бет.
50. Мухамбетов С.Қ. Педагогика. Ақтөбе, 2001ж. 215б

ҚОСЫМША А
Анықтау эксперименті

Мақсаты: Оқушылардың «сөздің ауыспалы мағынасы» тақырыбын меңгеру деңгейін анықтау

Аты-жөні:

Лексика дегеніміз не?

Сөз мағынасын қалай түсінесің?

Сөздің тура мағынасы.....

Сөздің ауыспалы мағынасы.....

Сөздің ауыспалы мағынасын табыңыз.

А) Тұлпар-батырлар мінген жүйрік ат.

В) Бала қыздың алдына асыл тұқымды тұлпарды тарта берді

С) Тұлпар туған шұбар ат

Д) Халықтан небір тұлпарлар шығады.

Е) Түп атасы-араб тұлпары.

Тура мағынада берілген сөзді көрсетіңіз.

А) Қабағын түйді

В) Ақ жүрек

С) Алтын ғасыр

Д) Жарқын жүзді

Е) Қызыл алма

7. «Қара» деген сөздің тура мағынасында қолданылған жерін көрсетіңіз.

А) Қара қарындаш. В) Қара дауыл. С) Қара ниет. Д) Қара жүрек. Е) Қара тер.

8. Мәтінен ауыспалы мағынаны тауып оның тура мағынадағы қолданысын жазыңыз.

8.2 «Сөз тағдыры», «жол беру», «тың мағына», «жаңа сөз», «жаңа ұғым». сөздерінің мағынасын табыңыз.

8.3 Берілген мәтінде «Сөз тағдыры» сөзін ауыс мағынада қандай мәнде қолданып тұр.

9. *Ниетің қисық болса, ағайыңға өкпелеме.* Мақалда қай сөз ауыспалы мағынада қолданылған?

10. Мына сөйлемдерде *ыстық*, *ауыр* сөздері қандай мағынада қолданылған?

Марат ауыр жүк көтерді. _____

Ол – сыныбымыздағы мінезі ауыр баланың бірі. _____

Дастарқанға ыстық тамақ та келді. _____

Қуаныштан оның бойын ыстық сезім биледі. _____

10.1 Қол деген сөзді тура мағынада, содан соң ауыспалы мағынада қолданып, екі сөйлем жаз